

## ҚАСЫМАМАНЖОЛОВ

Поэзияның өзге жанрлардан бір өзгешелігі — онда ақын өзінің атынан сөйлеп кететін шағы жиі болады. Лирикалық поэзияда автор көбінесе өз сезімін береді. Бірақ оның өз көңіл күйі жалпы адамға тән жәйтті, жан сырын ашып отырады.

Пушкин өлеңдерінің түсініктерін оқығанда, әрқайсысының ақын өміріне байланысты жеке-жеке тарихы барын аңғарасыз. Лирикалық өлеңдері тікелей өз көңіл күйінен туған. Бұл жай Бернс пен Байронда да, Гейне мен Гетеде де, Петефи мен Абайда да баршылық.

Сергей Есенин өзінің өмірбаяны туралы жазған бір мәліметінде қай жылы, қай жерде туғанын айтып келеді де: «Енді қалған өмір тарихым — менің өлеңдерімде, — дейді.

Тауып айтылған сөз.

Әрине, мұндай тапқырлығымен қатар Есениннің ірі ірі идеялық қателері болды. Ол өз алдына мәселе. Біздің бұл арада айтқалы отырғанымыз: нағыз ақынның творчествосынан өзінің өмір тарихы, адамдық табиғаты, халықтық қасиеті байқалмай қалмайды.

Ақын, ең алдымен, өз қоғамының мүшесі және мейлінше белсенді мүшесі болуға тиіс. Олай болса, шын ақын өзінің тағдыры арқылы да, өзгелердің тағдыры арқылы да, қоғамдық шындықты суреттейді. Екінші сөзбен айтқанда, ол әлеуметтік маңызы бар шығармалар ғана жазады.

Азаматтық өмір тарихы кедей автордың шеңбері, тынысы кең шығарма тудыруы қиын. Ондай авторлар өз басы жете білмейтін, жан-жақты зерттелмеген тақырыптарға лажсыз барады да, «шамасы осылай шығар» деп долбарға ұрынады. Содан барып өмір шындығы ақсайды.

Әрине, басыңнан кешкен, жақын байқаған шындықтың бәрі, өзін сезінген әсерлердің бәрі шетінен сәтті табысқа алып барады деген ойдан аулақпыз. Бірақ, бұл айтылғандар жазушылық еңбектің негізі екені де даусыз. Творчестволық лабораторияға үнемі қосылып, оны байытып отыратын мол қор да солар. Жәнді зерттелмеген бейтаныс тақырыптарға барудың, әдетте, сәтсіздікке ұшырататыны да сондықтан деп білеміз. Өмір шындығын бұрмалап, ойдан оқиға жасау, қоғам тіршілігіндегі көріністердің мәнін диалектикалық жүйемен шебер аша білудің орнына көз жұмып, жорамал жасау сияқты жәйттер автордың теориялық әзірлігінің жеткіліксіздігінен ғана тумайды, өмірден алған әсерінің, соның ішінде, әсіресе, балалық жасөспірімдік әсерінің аздығынан да туады.

Әлбетте, әсердің ұдайы ұлғайып, байып отыратыны да түсінікті. Тәжірибе ақылға ақыл қосады. Бұл жерде көркем творчество үшін азаматтық өмірбаянның маңызы мол екенін, өмірді жете зерттеу жазушы үшін ауадай қажет екенін айтып отырмыз.

Көрнекті ақындарымыздың бірі Қасым Аманжоловтың үлкен бір қасиеті — сол, ол ылғи жүрегінің қалауымен ғана жазды. Бірақ оның жүрегі, Михаил Шолоховша айтқанда, халыққа, партияға, үкіметке шексіз берілген жүрек еді. Сондықтан да оның шығармалары отаншыл болды.

Шамалап айтқанда, Аманжоловтың әдеби мұрасы көлемі жағынан 75 баспа табақ. Қасымның творчестволық аз жылдың ішінде осыншалық мол мұра жасап кеткенін енді ғана біліп отырмыз. Көзінің тірі кезінде өлең жинақтары сирек шығатын бұл ақын өзін өзі қайталамаушы еді. Бұл — ақынның өз басына қойған талабы сондайлық жоғары болғанын да танытса керек.

Бірінші томға ақынның қалыптасып болмаған шағында жазған шығармалары енген. Мұның ішінде әрі ысылмаған орамдар, шеберленбеген машықтар, шәкірттік лебіздер де бар. Солай бола тұрса да, сол алғашқы томның өзі ақынның талантын және әдебиет дүниесінде мейлінше адалдығын танытады.

Бұдан біз тағы бір шындықты аңғарамыз. Өзінің творчестволық мүмкіншілігі мол, күші зор екенін кәміл сезінетін жазушылар, әдетте, өткендегісін олқысынады, бүгінгісін місе тұтпайды; ашар асылы әлі де алдында болады да тұрады; бар дәмесі, арманы, ықласы, есіл-

дерті ұдайы соған ауады. Сондықтан да, ондай жазушылар өткенде жазған шығармаларын жұртшылықтың төрелігіне қалдырып, бересіні болашақтан іздейді. Әрине, жасы ұлғайған кезінен гөрі балауса шағында көп еңбек тудырып кететін жазушылар, әсіресе, ақындар бола береді. Бірақ олардың үміті, іңкәрі келешектен қол үзбейді. Жолы болсын, болмасын, аңшының дәмесі үнемі алда болатыны белгілі. Бұл үміт кешкі арайда ғана өшеді.

Өз басына талабы күшті, халық алдында кішіпейіл мұндай жазушылардың кейін артына қалдырған мұрасы да мейлінше қызғылықты болмақ. Байқалмай келген мүліктер байқалмақ, тың дүниелер ашылмақ, құпия сырлар жарияланбақ. Мұраның ұлылығы мен кішілігі, қыраны мен ояңы, күнгейі мен теріскейі түгел көріне бастамақ. Оған, В. Белинскийдің ойымен айтқанда, әр ұрпақ өз бағасын беріп, өз төрелігін шығарып жатпақ. Қаншама заман өтсе де ескірмей, жаңа ұрпаққа әр жақтан жараса беретін, үздіксіз зерттелетін жазушылар да солар.

Мезгілсіз қайтыс болған ақынымыз Қасым Аманжолов осындай жазушылардың бірі еді. Әрине, оны классиктердің қатарына сүйреп әуре қылмаймыз. Бірақ дарынды жазушылардың творчествосының озық жақтарына тәнті болуымыз, сүйсінуіміз ләзім деп білеміз. Таулау мен шоқылардың арасында аздаған ұқсастық болатыны да белгілі. Далада әлдеқалай сарқылып қалған қақтан гөрі кішігірім көк теңізге көбірек ұқсайтыны талас туғызбайды.

Қасым Абай сияқты шалқыған теңіз бола алған жоқ. Бірақ ол қазақ сахарасындағы теңізге талпынған санаулы көлдердің бірі еді. Сондықтан да, оның мұрасын бек қадірлейміз, өз мұғдарына қарай әділ бағасын беруді мұрат санаймыз.

Бірінші томға ақынның жас шағындағы, яғни 1940 жылға дейінгі шығармалары енген. Онда көптеген өлеңдерінен басқа «Жамбыл тойында», «Құпия қыз», «Бикеш» атты үш поэмасы бар. Прозалық шығармалардан бірнеше мақаласы, сыңар актылы екі пьесасы, очеркі бар. Томның соңғы бөлімі ақынның Пушкиннен, Лермонговтан, Маяковскийден, Низами Ғанджевиден аударған шығармаларынан құрылған.

Қасым Аманжолов соғыс жылдарында жазған бір өлеңінде:

Өз жүрген жолдарыма келем жазып  
Сырымды, барлық өмірбаянымды,—

деген. Сол жай оның творчествосынан мол ұшырайды.

Бұл арада ақынның творчестволық биографиясымен сондайлық тығыз табысып жатқан өз өмірбаянына да, бір-екі сөзбен болса да, соға кету орынды.

Қасым Аманжолов қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында, 1911 жылы дүниеге келген. Ол жастай жетім қалып, Семей қаласындағы интернатта тәрбиеленеді. Сонда сауат ашады. 1927 жылдан 1930 жылға дейін Семейдің малдәрігерлік техникумында оқиды. Бұдан кейін ол Оралда қызмет атқарады. Біраз уақыт Ленинградтың орман шаруашылық институтында да болса керек. Бірақ оны бітіре алмай кетеді де, 1932 жылы Алматыға келіп, «Лениншіл жас» газетіне қызметке орналасады.

Осы жылдарда-ақ Қасымның өлеңі газет бетінде көріне бастайды. Ол, әсіресе, Оралдың «Екпінді құрылыс» газетінде жиі жарияланады. Алайда, қалың оқушы жұртшылығы Қасым Аманжоловты ақын ретінде 1936—1938 жылдары барып қана жыға таныған. Бұл кезде Қасымның өлеңдері республикалық газеттерде, әдебиет журналында басылып жүрді. Ал, 1938 жылы «Өмір сыры» атты тұңғыш жинағы шықты.

Қ. Аманжолов творчествосында жаңа дәуір тудырған Ұлы Отан соғысы жылдары мен соғыстан кейінгі бейбітшілік жылдарын былай қоя тұрсақ, ақындық алғашқы қадамына ұласқан өмірбаяны, міне, осындай.

Бұл туралы ақынның өз өлеңдерінде де толық айтылған. Байыптап оқыған адам оның әр өлеңінен-ақ өмірбаянын, өсу жолын аңғарады. Мәселен, 1948 жылы жазған «Советтік менің өз елім» атты өлеңін ақын былай бастайды:

Өмірге ендім еңбектеп,  
Шалқалап әкем шықты үйден:  
Жетімдік тағдыр жетті ептеп  
Қабағы кату түксиген  
Өмірден үміт жоқ өзге,-  
Даланың тердім тезегін  
Әкем боп таптың сол кезде,  
Советтік менің өз елім!

Бұл жолдар Қ. Аманжоловтың ресми анкетаға жазған өмір шындығымен тығыз табысып, қабысып жатыр. Бірақ, үлкен ақындардың бір өзгешелігі сол, олар бейнелеген өз өмір шындығы өзгелерге де ортақ болып оты-

рады. Тіпті, оқушы ондай өмір тарихын өз басынан өткермесе де, өткергендей болады, автормен бірге қуанып, бірге қайғырады, бірге күліп, бірге жылайды.

Қасым суреттеп отырған жетімдік өмір Октябрь революциясынан бұрынғы жарлы ауылда жиі ұшырасатын жай. Сондайлық мұқтаждықпен көзін ашқан жетім бала, совет өкіметінің мол панасын көреді. Мойнына қызыл галстук байлап, мектепке жүгіреді. Бұғанасы бекіп, сапқа тұрады. Кейін әбден кемеліне келіп есейген шақта, күллі дүние тағдырына ой жүгіртуге шейін барады. Өзінің советтік елін мақтаныш етеді.

Дүние бүкіл дөңгелеп  
Көзімнің келді алдына  
Үстіне шықтым өрмелеп,  
Қарадым бойлап арғыға,  
Ой жетер жерге көз жетті.  
Арғысын және сеземін:  
Жатырсын алып жер-көкті,  
Советтік менің өз елім!

Жасы үлкейген сайын ақыл-санасы да толып отырған, өмірге, дүниеге көзқарасы кеңейген ақын 1948 жылы осылай толғады.

Қасым әдебиетке келген тұстағы қазақ поэзиясының тақырыбы сан қилы да, күрделі де еді. Қасым да соларға үн қоса келді. Ол тырнақалды өлеңдерінен бастап Октябрьдің жемістерін, Коммунистік партияны, оның көрнекті қайраткерлерін жырлайды. Советтік конституцияны, Кремльді мақтан етеді. Фашистік басқыншылыққа қарсы жан қия шайқасып жатқан қаһарман испан халқын мадақтайды. Отан қорғау тақырыбына көптеген өлең жазады. Жастарды жаңа техниканы меңгеруге шақырады. Еліміздің шаруашылық табыстарына, мәдениеттен биіктеуіне шаттанады.

Осындай ақындардың бәріне ортақ жалпы да, күрделі де, маңызды да тақырыпта Аманжолов өз сезінуін, өз байқауын, өз үнін, өз мәнерін танытуға талпынды. Әрбір ақынның өзіндік ерекшелігі, даралығы да сондайлық талпыныстан көрінбек еді.

Ақын «Ленин және дүние» дейтін өлеңінде ескі дүниенің образын былайша жасайды:

Бұрандап жатты артында жолы жүрген,  
Ғасырлар бекетінің оты сөнген,  
Жұтып ап ұзақ жолдың жолаушысын  
Қаз-қатар ескі мола тұр түнерген  
Дүние кәні көзін қадады алға,  
Алыста алтын арай атқан таңға.

Сол кең дүниені ақын жан-жақты суреттей келеді де  
қауқары қашқан сырқат қартқа тенейді,

Жүрегі соқты баяу дүниенің,  
Күрсілдеп зорға-зорға алды демін,-  
Суынып тұла бойы бара жатты,  
Ешкім де таба алмады енді емін.

Дағдарған, қиналған сол дүние жақсылыққа душар  
болады. Бұл саяси тілмен айтсақ, қоғамның даму заңда-  
рын ашып берген марксизм-ленинизм ілімі еді. Соны  
ақын образ түрінде береді.

Сол кезде дүниенің докторы боп  
Шұғылалы ту жамылып келді Ленин.,  
Бойына дүниенің қан жіберіп  
Орнатып берді өз миын, өз жігерін.

Кейбір әдебиетшілер саяси өлеңде үгітке соқпай ке-  
туге болмайды деседі. Асылы, әдебиеттің өзі үгіт емес  
пе? Бірақ, сол үгіт искусствода образбен айтылады.  
Шынайы сезіммен, терең оймен, жарасымды бояумен  
көмкерілмеген үгіт әдебиетте өмір сүре алмайды. Жалаң  
үгіт, жадағай дидактика оқушы жұртшылыққа азды-  
көпті рухани нәр бере алатын болса, оны партияның  
орталық органы «Правда» күн сайын мінеп-шенемес еді.

Әрине, саяси өлеңнің, айталық, махаббат лирикасы-  
нан айырмашылығы бар. Мұнда өлеңнің әлеуметтік мо-  
тиві өте-мөте күшті, айқын ашылуға тиіс. Тікелей тол-  
ғаулар да болып отырады. Бірақ соның өзі мейлінше леп-  
ті, күйлі, әсерлі болуы шарт. Мұның үшін ең алдымен  
ойдың бейнелілігі қажет. Маяковскийдің пролетарлар  
табын «атакующий класс» деп атаған эпитетінде қанша-  
лықты тапқыр, жарасты образ жатыр!

Біз жырлайтын екі шындық, немесе екіұшты шындық  
жоқ. Шындық біреу, ол — совет шындығы. Әңгіме сол —  
шындықты искусство шындығына түсіре білуде болмақ  
керек. Ал, бұл дарынның алғырлығына байланысты. Ис-  
кусство тілінде кім қалай сөйлей алады, гәп осында.

Сол дарын ерекшелігі автордың өзіндік табиғатын  
да, характерін де танытпай қоймайды. Қасым «Жолдас  
маршал» дейтін публицистикалық өлеңінде советтік  
Отанын қорғауға әрқашан да әзір екенін айта келіп, жан  
сырын қажымас қайратты жолдарға құяды.

Адам болып туғанмын,  
адамша өтем,

Аямаймын,  
барымды беріп кетем,  
Дүнне тулап жатса да,  
мұхит мөңкіп,  
Мен емеспін қаймығар,  
жаудан қорқып,  
Жекпе-жекке,  
жаһанға шық десе елім,  
Шығар едім, тәуекел,  
ықпас едім.

Міне, бұл да үгіттің бір түрі. Және мейлінше өткір түрі. Ақын оқушыға «сен батыр бол, жаудан қорықпайтын бол» деген өсиетін қарадүрсін айтса әсері, мүмкін, онша күшті болмас еді. Ол бұлай етпейді. Өз сезімін, өз ойын сертке қайрағандай болып отырып, оқушыны соған жетктейді, отаншылдыққа баулиды. Искусствода идея деген осындай астармен берілер болар!

Ақан жаңа өміріміздің жаршысы Маяковскийдің образын қалай жасайды деңіз.

Ескі дүние есігін теуіп ашып,  
Кіріп келді ол жүзінен жалын шашып,  
Босағада тұрмады, төрге ұмтылды.  
Бұзып-жарып, еңсеріп, еркін басып  
Кербез әйел сықылды дүние паң,  
Қылығына жігіттің бұлқан-талқан  
Ала көзбен бір қарап дүниеге  
Ақын тұрды азырақ болып аң-таң.  
Дүние - шексіз аралап кете барды  
Тілін ұқты, сырын да тез аңғарды.  
Су орнына жұтты да аққан жасты,  
Күй орнына тыңдады қайғы-зарды  
Осы шуды қақ жарып шықты бір үн,  
Естімеген дүние мұны бұрын,  
Бостандықтың бүркіті саңк-саңк етіп,  
Қанатыменсыпырды дүние кірін.  
Ақын сонда әлемге айтты шынын,  
Деді ол: «Жаңа дүние жаршысымен».  
Бар даусымен айқайлап жіберді кеп,  
Жер құлағын тұндырды даусы мұның.

Міне, мұнда ескілікке, керенаулыққа қарсы күрес уағыздалады, жаңаның жеңісі жырланады. Соның бәрі барынша жатық, қонымды, нанымды образбен бейленеді. Искусствоның ерекшелігі деп осындайды атаймыз.

Совет әдебиеті дүниеде теңдесі жоқ, озық әдебиет дегенде, ойымызда оның жаңа сипаты тұрады, қоғамның санасына мықтап ықпал жасайтын зор қуатына сүйсінеміз. Бұл әдебиеттің тақырыбы да шексіз, формасы да шексіз. Сол бай әдебиетте, әсіресе, поэзияның айрықша

бір ықшам, ширақ, шалымды жанр екені белгілі. Бұл жанр араласпаған өмірдің саласы жоқ деуге болады. Сол араласудың тәсілдері де сан алуан. Ақын бір ретте елімізде болып жатқан жаңалықтарға үн қосып, түрлі табыстарымызды дәріптей түссе, енді бір орайда сол жаңалықтың аяғына шырмау болатын керенаулықты, жұмыстағы олқылықты қатты сынайды.

Қ. Аманжолов «Бидайдың арызы» дейтін өлеңінде Калинин атындағы колхозда орын алған кемшіліктерді поэзия тілімен суреттеп, олақ та салақ басшыларды мысқылмен шымшылайды.

қозының карабұйра сауырындай  
Құлпырыпкөздітартып жатты егінжай...  
Ойда жоқта кез болды алдымыздан  
Жер бетінде шашылып қалған бидай...  
Келдік те, тұрдық қарап болып аң-таң  
Бидайды аяп, бас шайқап, тұр Қалмақан<sup>1</sup>  
Жалғыз қалған жетімдей жер бетінде  
Бидай байғұс қарайды жаутаң-жаутан.

Бұдан кейін ақын сеялқаның «сырқат» екенін ол, кезінде ремонтталмағанын ойнақы айтып келеді де, құнтсыз басшы Қаратаевты әзіл әжуаның астында қалдырады.

Қалжың сөз ғой бұл, жолдас Қаратаев,  
Татқа жорып жүрмеңіз, сыннан тайып,  
Әйтсе дағы дәл сол бір сеялқаның  
Денсаулығын қайтадан қаратайық.

Көркем әдебиетте мұндай формалар да бола береді. Бұдан біз, бір жағынан, әдебиетіміздің өмір тарихын да байқаймыз. Әдебиетіміз бүгінгі биік дәрежеге қандай сатылармен келді, қай тұста қандай тәсілдер тапты, соның бәрі тарихқа өз орнымен кіріп жатады.

Бірақ қашан да үлкен әдебиеттің алдында үлкен критерий тұрмақ. Әдебиет шаруашылыққа да қолқабыс тигізіп жатса, оған тек қуану жөн. Бұл сол әдебиеттің формаларының ұшы-қиырсыз екенін танытады. Бірақ әдебиеттің негізгі мақсаты адамның санасын жетілдіру, мейірбандылығын молайту, сезімін тереңдету, екені де хақ қой. Тіпті сол шаруашылықты жасайтын адам десек, саналы адамның шаруашылыққа да қыры мол болатыны мәлім емес пе.

Бұлай болса, адамның миына, жүрегіне игі қасиеттер

<sup>1</sup> Қасыммен бірге жүрген ақын Қалмақан Әбдіқадыров,



дарытатын шығармалардың бәрі біздің қоғамға қымбат. Ал, бұл - поэзияның басты парызы.

Осыған орай Қасымның лирикалық поэзиясына соқпай кетуге болмайды. Отанын, туған жерін, шексіз сүйіп соған өмір-бақи іңкәрлігі басылмай өткен патриот ақын Қасым Аманжоловтың ержеткен табиғат лирикасы орайына қарай, екінші және үшінші томдарына енгізілген. Ол жайында жазылу мерзіміне сәйкес кейінірек сөз етеміз. Бұл жерде махаббат лирикасына көбірек тоқталмай болмайды. Өйткені, жасырақ шағында ақынның махаббат лирикасын көбірек жазуы әбден табиғи нәрсе. Махаббаттан тұтанған жалын, албырт сезім жастыққа көбірек жарасады. Жасы жарты ғасырға толған ақын «сүйдім, сәулем» десе ерсілеу көрінеді. Сондықтан да ол махаббат туралы жаза қалса да, көбінесе ақыл-парасат айтады. Ал, оқушы махаббат лирикасынан жүректі баурап әкететін ыстық сезім көргісі келеді.

Қасымның махаббат лирикасы, тұтас алғанда, оқушының көңліне қонатын, жанына жағатын, асыл қасиетке баулитын лирика. Махаббатқа беріктік, шексіз іңкәрлік, тату-достық, рухани фактік - Қасым лирикасының лейтмотиві. Әрине, сүйіспеншілік мәселесінде албырт жас ақынның оқыс айтқан пікірі, аяғын шалысшалдуар басқан жері жоқ емес. Бірақ бұл оның жалпы лирикасына сондайлық мін бола алмайды.

Екінші бір ескеретін жай, ақынның махаббат туралы өлеңдері көрі болғандықтан ол көрінген шырайлы қыз-келіншекке ғашық бола берген екен деген ұғым тумасын. Оның өлеңдері түгелге жуық Марфуға деген қызға және кейін қосылған зайыбы Сәпенге арналған. Әр кезде әртүрлі сүйінші, күйінші, қызғаныш, сағыныш сезімі билеген ақын бір ғашығына әлденеше өлең шығарған.

Пушкин мен Лермонтовтан бастап Блок пен Маяковскийге шейін, солардан бүгін Константин Симоновқа шейін көптеген орыс ақындарының махаббат жайындағы жырлары белгілі ғашықтарына арналғанын білеміз. Сондай жай біздің Абайда да, Сұлтанмахмұт Торайғыровта да бар. Ендеше, осындай дәстүрлі жатырқауымыз мақұл болар ма еді?

Қасымның бұл қарайлас өлеңдері көзінің тірі кезінде жарияланбаған. Жарияланбауы орынды ма, орынсыз ба, ол өз алдына мәселе. Ал, бірақ, өзі өлгеннен кейін жарық көруі, әдеби мұрасына қосылуы әбден орынды. Ақынның көзі тірісінде кішіпейілдікке симайтындай кө-

рінетін кей жайлардың кейін мұрасына жарасып кететін шағы болады. Қасымның ғашықтық жырлары сондай мұраға жатады.

Ләйлі мен Мәжнүн, Фархат пен Шырын, Ромео мен Джульетта, Қозы мен Баян, «Евгений Онегин» туралы аңыздарды құмарта тыңдайтын халқымыз бүгінгі бақытты төл жастарының ғашықтық дастандарын, жырларын оқығысы келеді. Совет адамының ұлылығы бір жақты көрінбей, жан-жақты көрінсін дейміз. Моральдың тазалығы, махаббаттың беріктігі, сезімнің тереңдігі Қасым поэзиясынан мол табылады. Мұндай поэзия оқушының жүрегіне игі қасиет дарытады, көңілдің санасын Осы шағын сипаттың төңірегінде көп пікір айтылады.

1940 жылғы жазған «Орамал» атты романсында махаббат беріктігі тамаша суреттеледі. Майданға кетіп бара жатқан жауынгерге сүйген жары орамал ұсынады.

Айрылмасқа сертескем,  
Айғағым бұл орамал;  
Орамалға, тілесен,  
Жүрегімді орап ал!  
Кіршіксіз ақ орамал,  
Көз жасыммен жуғанмын;  
Жаным сендік—қабыл ал,  
Бір сен үшін туғанмын.

Жүрегі адал, жаны сұлу адамның ғана аузынан шығатын осынау сөздер ерекше шырайлы образ жасап тұрғандай. Оқушыға тым ыстық.

Өлеңнің әлеуметтік мотиві бірте-бірте ашыла түсіп, күшейе береді.

Жаудан елін қорғауға  
Жарым, кетіп барасың;  
Бәлкім жарар орауға  
Білегіңнің жарасын  
Бәлкім осы орамал  
Қызыл қанға боялар;  
Жанға тисе жат хабар,  
Жарың шошып оянар.

Махаббатта осындай тұрақтылық, «бір сырлылық» ақынның басқа геройларының да басында бар. «Ғашық едім, қайтейін» деп басталатын өлеңінде ғашық болған қызына қосыла алмай қалған жігіт бар арманын, бар сырын ақтарып: «Қайда жүрсең аман бол, өміріңді тілеймін» дейді. Өлең былай аяқталады:

Ғашық едім, қайтейін,  
Оны білер жан қайда?

Армансыз боп не пайда?

Шын ғашығына қосыла алмаған жігіттің жүрегінде өмірлік ғазиз арман калады. Тәтті арман! Мұның азабы да бар, ләззаты да бар. Өмірде ғашық болмай армансыз өткенше, ғашық болып, арманда өткен артық. Міне, өлеңнің негізгі идеясы осы.

Әрине, біздің заманымыз Абай мен Тоғжанның заманынан басқа. Әркім сүйгеніне еркін қосыла алатыны ақиқат. Бірақ жүректің өз заңы бар емес пе? Махаббат мәселесінде орайластық ұдайы табыла бере ме? «Жан-тәніммен сүйемін, бірақ, мені түсінбейді» деп келетін жора-жолдастарымыздың мұңаюлы сырын талай естімеп пе едік? Тіпті, кейде, махаббат майданында айнымпаздық, ойнақылық тәрізді қылықтар да кездеспей ме? Қызғаныш қарлығашы қайдан ұшады? Осының бәрін совет жазушысы жап-жатық, жып-жылтыр етіп суреттеуі керек пе?

Жоқ, олай болмаса керек!

Социалистік реализм әдісі өмір қайшылықтарын қалтарыста қалдыра алмайды. Сол әдіске құрылған Қасым поэзиясы келмеген жерін тіземен келтірем дейтін қарадүрсінділікпен, даңғойлықтан, аңғырттықтан аулақ еді. Мейлінше сыршыл поэзия болды.

Қасым сүйіп, әлде нендей себептермен көп жылдар бойы қол үзіп қалған ғашығын қия алмай, асыл арманындай сақтайды:

Армандамын. Енді мен не тілермін?  
«Жат болсаң да, бақытты болшы» дермін  
Сен кайғырсаң,- бұлт басып көңілімді,  
Сен шат болсаң, - масайрап күлімдермін  
Құшағына кіргенше кара жердің,  
Жас шағымды арнадым, саған бердім.

Осындай сүйгеніне шексіз берілушілік, албырт іңкәрлік, сезім тереңдігі Қасымның әр лирикасынан-ақ кездеседі.

Ауыпты түн ортасы. Қашты ұйқым,  
Уһілеп, ән саламын, дүркін-дүркін.  
Жел жаттап осы әнімді, жеделдетіп  
Жанына жеткізер ме ед, әттен шіркін.  
Ғашықтың жан әуезін тыңдағандай,  
Телміріп тереземнен карайды ай;  
Мен өтіп отырғанда, тереземнен  
Ай болып сен қарар ма ең, уа, дариға-ай,  
Кім айтар шыны ғашық мен емес деп,  
Мұншама ғашық болар жөн емес деп,

Қалайын құшақ жайып, көз алдымнан  
Өтсеңші ең болмаса бір елестеп  
Әлде сен тәтті ұйқының құшағында  
Маужырап, еш алаңсыз жатырсың ба?  
Түс болып барайын да, сырласайын  
Соғуын жүрегімнің тыңда-тыңда  
Немесе мен ұйықтайын түсіме кір,  
Құшып, сүйіп құмардан қанайын бір.

Бұған сабақтас және бір өлеңін келтірген мақұл.

Сен болсаң нұлы жердің қызыл гүлі,  
Болар ем сахараның мен бұлбұлы,  
Қонақтай гүл жанында рақат тауып,  
Гүл құшып, сайрар едім күні-түні.  
Сен болсаң жапандағы жалғыз терек,  
Кез болсам келе жатып мен тентіреп;  
Жолаушы жалқы жүрген жатар едім,  
Жапанда жапырағыңды көлеңкелеп.  
Сен болсаң кәусар сулы мөлдір бұлақ,  
Жарқырап жатсаң ағып таудан құлап  
Суыңды шөлеп келіп ішер едім,  
Маңында паналар ем мекен құрап.  
Немесе жұбай аққу болар ма едік,  
Аялап айдыңға кеп қонар ма едік.  
Күн болса, күн нұрымен бірге балқып,  
Түн болса самалда бір тоңар ма едік.

Айта кету керек, отызыншы жылдары жазылған бұл өлеңдерде ауыз әдебиетінің және Шығыс әдебиетінің әсері күшті сезіледі. Мәселен, Қасымның жоғары өлеңдерінің приеми, теңеулері, эпитеттері, жібек лепті әуені фарсы әдебиетінен жиі кездеседі. Әрине, Қасым содан көшіріп алды демейміз. Тек, белгілі дәрежеде Шығыс әдебиетінің ықпалы тигенін аңғартамыз. Және бұдан ешқандай сөлекеттік те көрмейміз. Қайта өз орнында жарасып тұрған сыңайы бар. Мәдениетті болам деген ақынның бүкіл дүниелік әдебиеттен мол қанығуы шарт.

Қасымның жастық жырларында европалық әдебиеттің мәдениеті де баршылық.

Сәулешім құшағымда тұрды еркелеп,  
Дәл тар төсек сықылды болды терек.  
Жайқалған жапырағы шымылдықтай  
Сыбырлап бізді тұрды көлеңкелеп.

Міне, мұнда жайқалған жапырақты шымылдыққа теңеу арқылы ақын лирикалық геройларын табиғат құшағына әдемі жарастыра біледі. Тіпті, тар төсек пен теректі табыстырады. Өте батыл теңеу! Осындай тың теңеулер соғыс тұсында жазған өлеңдерінен жиі ұшырайды. Мысалы, «Байқал» атты өлеңінде атып келе жатқан

танды сыланған жеңгеге теңейді. «Таң жеңге ерте оянды» дейді ол енді бір жерде. Қасым «Алдында мен махаббат әулиенің» деп басталатын өлеңінде нәпсі құлдарының махаббатты үзіп алып, тастап кетер гүл сияқты бағалайтынын шенеп келеді де:

Жоқ! Махаббат - гүл емес, жанның күйі,  
Табиғаттың адамға тартқан сыйы,  
Кеуде бейне күй сандық, білсең ойна,  
Оның да бар До, Ре, Ми... Соль, Ля, Си,—

дейді.

Тауып айтылған сөз! Гуманистік ұғымы мол ақын ғана махаббат мәселесіне осылайша трактовка жасай алмақ!

Ақын «Жылқышы жыры» дейтін романсында жылқышының сезімін әдемі береді.

Жылқым жатыр жайылы көкорайда  
Аш қасқырлар ұлиды әлдеқайда;  
Жерде тұрып ым қағам қалғыма деп,  
Аспандағы серігім алтын айға...

Бұлбұл қақты канатын, таң да таяу,  
Мезгіл жетті салатын әнге баяу,  
Жас жүрегім тербетсін, әнім жетсін,  
Жатқан шығар жан сәулем ұйқылы-ою.

Осындай шынайы махаббатты қастерлейтін ақын желіккіш сезімнің соңынан дедектеп ере беретін қауқарсыз сорлыларды аяусыз әжуалайды.

Қаратүнді жамылып,  
Қайда кеттің қайқандап,  
Тыным таппай сарылып  
Шаршадың-ау бай таңдап.

Ақын «Бикеш» атты поэмасында махаббат мәселесіне ойланбай, жауапсыз қараушылық қайғы-қасіретке апарып соғатынын шебер дәлелдейді. Алданған, мінезі жеңіл Бикеш аянышты халге түседі. Алдампаз Азғынбаев алғашқыда «мерейі» үстем болса да, ақырында жексұрын құлқымен әшкере болады. Мораль жағынан саудасы біткен ол омақаса құлайды. Сондықтан да автор поэма оқиғасының бар сырын:

Өмір деген - ұлы теңіз  
Кең дүниеде жатқан шалқып.  
Теңіз сырын білмесеніз  
Әкетеді түпке тартып,-

деген шумақпен нәзік береді.

Тұрмыстағы сондай биморальдықты, керенаулықты, тоғышарлықты, жалғаншылдықты, демагогияшылдықты батыл сынау Қасым творчествосында әр тұстан-ақ кездеседі. Жеке породиалар мен эпиграммалардан ол сатиралық үлкен шығармалар жазуға дейін іркілмей барады.

Өмір деген қилы-қилы қатпарсыз, ойлы-қырсыз жазық дала емес екенін, ол қайшылыққа толық екенін анық ұққан ақын даурықпашыл көкмылжыңдарды қаламының ұшымен түйреп отырады.

1940 жылы жазған «Күлемін де жылаймын» атты өлеңінде-ақ Қасым өзінің ойшыл, сыршыл ақын екенін танытады.

Білмеген жан өлерін,  
Қайтіп сүйер өмірді,  
Білмей қайғы келерін,  
Қайтіп болар көңілді?

Бұл жолдарда қарапайым да шынайы философиялық пікір жатыр. Дүниеге бір келіп, бір кетпек бар. Соны байыптаған адам ғана өмірдің қадірін біледі, шексіз сүйеді. Сүйгендіктен де өмірді ұзартудың, қолдан келсе мәңгілік етудің қамын жейді. Мұның атын, қарадүрсін тілге аударсақ, творчествоға айналған еңбек деп атауға болар еді. Бірақ өлім жүрген жерде қайғы да жүреді. Ақын осыны түсінбейтін адамдарды әжуа қылады.

Дәл осыны түсінбес  
Адамдар бар, не шара,  
Іші қуыс, сырты мес  
Тас бауырлы бишара.

Ондай адамдар өз топастығымен, өз тоңмойындығымен қоймай, сезімтал жандарға қырсығын тигізеді.

- Жылама сен, күл,- дейді  
Күлсем және сенбейді  
Қара тер боп тергейді,  
- Неге күлдің сен? - дейді.

Өмірде мұндай адамдардың бар екеніне кім шүбә келтіре алады? Өз бақыты үшін ғана күрерпей, келешек ұрпақтардың бақыты үшін күресіп отырған, бүкіл жер жүзіне әлеуметтік әділеттіктің туын көтеріп отырған совет адамдары ұлы қасиеттің иесі. Олардың ішкі дүниесі терең, өмірге қозқарасы кең, мейрімділігі, бауырмалдығы мол. Сол қауым үшін:

Ішкенге мас, жесе ток,  
Құр даурығу, бос ыржаң —  
Қуаныш жоқ, қайғы жоқ,  
Неткен сонша сорлы жан,—

секілділер бағалы мүше бола алмайтыны да хақ. Сондықтан да озық саналы ақын:

Осындай дос көргенде  
Қайтіп қана шыдарсың  
Ойлап-ойлап келгенде  
Күлерсің де жыларсың.

деп күрсінеді. Болмыстағы керенаулықты сынаудың өткір түрлерінің бірі деп міне осыны айтамыз.

Және бұдан біз ақынның сондайлық сезімталдығын, алғырлығын, нәзік те өткір иронияға бейімділігін аңғарамыз. Тегі, нағыз ақын әр қырлы болса керек. Мысалы, Лермонтовта тамылжыған тәтті лирикамен қатар ащы сарказм жүретіні белгілі.

Қасым алғаш қалам тартқан кез, қазақ совет әдебиетінің әлі жас кезі еді. Қаулап өсіп келе жатқан кадрлары болғанмен, профессионалдық дәрежесі төмен болатын-ды. Әлі де ауыз әдебиетінің ықпалы күшті еді. Шынайы сезім орның жадағай ақыл айту, сыр ашу орнына сылдыр шешендікке салыну сияқты искусство аңғырттығы көп ақынның басында-ақ болды. Идея образ арқылы көркем түрде берілмей, көбінесе жалаң күйінде берілді.

Әрине, әдебиетке жаңа келген Қасым да ақындық шеберлікті бірден меңгере алған жоқ. Оның алғашқы шәкірттік шығармаларында ауыз әдебиетіне еліктеу басым болды. Бос мақалдаушылығы да бар еді. Ол 1936 жылы:

Қас тұлпар деп кім айтар,  
Өрге ұмтыла шаппаса  
Ақ сұңқар деп кім айтар,  
Қияға қанат қақпаса  
Гүлде көрік болар ма,  
Құлпырып, шешек атпаса,-

деп мәтел-тақпақпен сөйлеуге тырысса, 1937 жылы:

Сайра-сайра, домбыра  
Құлақтың құршын кандыра,  
Әлемді таң қалдыра,  
Жаудың жанын жандыра,-

деп желдірме термеге бой ұрды. Осының салдарынан ол тұстағы өлеңдерінен орынсыз ұзақтықты, шұбалаңқылықты да байқаймыз.

Әрине, фольклор - әдебиетіміздің кәрі әжесі. Одан қол үзіп кет, оны сыйлама демейміз. Дана әжеден үйренетін көп жайлар бар. Әсіресе, ол баяндайтын аңыз-ертегілер қиялыңды оятады, сонау алыс заманға алып кетеді, халықтың ежелгі ой-арманынан хабардар етеді. Әженің тілінде де не-не құнарлы орамдар, ұтымды теңеулер, әдемі машықтар бар. Бірақ, мұның бәрі өз алдына бір ұлы мәселе екені де түсінікті.

Біздің айтып отырғанымыз жас Қасым творчествосындағы шеберленген, ысылған әдебиетке жараса қоймайтын үстірт желдірмелер. Және бір мысал келтірейік:

Жебелі садақ толғаған,  
Желекті найза қолға алған,  
Батырлар да өтіпті,  
Лебізі - күй, сөзі - жыр,  
Жігері бейне электр  
Гомер, Байрон, Пушкиндей  
Ақындар да өтіпті  
Ғылым бейне дария,  
Шежіре шешен қария -  
Аристотель сықылды  
Ғалымдар да өтіпті...  
Айға шапқан айбарлы,  
Арыстан да өтіпті;  
Жалғыз өзі жиһаннан  
Алысқан да етіпті  
Болашақты болжаған  
Данышпан да өтіпті...

Осынау жолдарда соны теңеу, қызық эпитет жоқтың қасы. Мұның «электр» деген сөзден басқа жерін фольклорлық жыр деп оқысаң, тосын адам сеніп қалатыны да даусыз.

Сол сияқты, болған істің үстінен шығып құр қызығушылық та кездеседі. Өлеңді ойлы жазатын Қасым мұндай реттерде көріністің үстін қарып өте шығады.

Ауыл бар колхоздасып күлімдеген,  
Қаркындап өндірісі дүрілдеген,  
Табыс пен ұлы думан өршіп өсіп,  
Жүрегін тап жауының тілімдеген  
Қірпішін социалдық қалап жатқан,  
Көтеріп еңбек шуын дабылдатқан,  
Сом білек, құрыш дене ерлері бар,  
Тұрмыста ұлы еңбектің тәмін татқан.

Бұл жолдарды ақынның тәжірибесіз кезінде, әрі неге еліктегіш шағында жазғаны сайрап тұр.

Еліктеу дегеннен шығады, Қасым Абай дәстүріне көп



құлашұрған, терең шолған ақындарымыздың бірі. Бер-  
тін келе ол өз бетін танытты, өз төтесін тапты. Бірақ шә-  
кірттік кезінде құр еліктеуден шыға алмаған өлеңдері де  
болды. Мысалы, «Сұлудың сымбаты» атты өлеңінің:

Қара көз, қиылған қас, жазық маңдай,  
Алма бет, ақша жүзі нұр тамғандай,  
Қыр мұрын, оймак ерін, меруерт тіс,  
Бейне мақпал қызыл тіл шекер балдай;  
Төгілер иығына қара шашы  
Жібектей жүз құлпырған дамыл алмай;  
Күмбездей жарқыраған мойны бар,  
Тамағы күн шалмаған ақ торғындай,-

деген жолдары Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маң-  
дайлы» деп басталатын өлеңіне өте ұқсас.

Мұраның аты мұра. Оның да биігі мен аласасы, шал-  
қары мен шағыны, күнгеі мен теріскейі болады. Мысал-  
ға өз мұрасына сондайлық жауаптылықпен қараған, өз  
басына зор талап қоя білген Лермонтовты алатын бол-  
сақ, сол Лермонтов мұрасының да ойлы-қырлы жері то-  
лып жатыр. Мәселен, оның «Шеркестер» атты поэмасы  
орыс әдебиет жұртшылығында шәкірттік поэма, жатты-  
ғушылық поэма деп танылады. «Кавказ тұтқыны» поэма-  
сының көп-көп шумақтары Пушкиннің сол аттас поэма-  
сына рабайсыз ұқсап жатады. «Бастунджи аулы» поэма-  
сы «Измаил-Бейдің» әлсіз вариациясы сияқты, «Боярин  
Оршаның көп жолдары «Мцыриде» араласып жүретінін  
білеміз.

Олай болса, Аманжоловтың да мұрасының ішіндегі  
азын-аулақ әлсіз шығармалардың мүлдем ұмыт болма-  
ғаны дұрыс. Бұлар ақынның зор талантын әлсірете ал-  
майды. Қайта, оның өсу жолдарын, биіктеген сатыларын  
көрсетеді.

Ақын, әрине, іштен туады. Бірақ іштен жетіліп тумай-  
тынын өмір көрсетуде. Әр нәрсе азды-көпті тәжірибемен  
өседі. Қасым алғашқыда тәжірибені, сөз жоқ, ауыз әде-  
биетінен алды, сол ықпалда тұңғыш жырларын жазды,  
Абай дәстүріне бірте-бірте келіп, кейіннен Лермонтов,  
Маяковский дәстүріне ұласты.

Асылы, Аманжолов ғажап тез өскен ақын. 1936 жыл-  
ғы өлеңдеріндегі примитивизмді 1940 жылғы шығарма-  
ларынан іздеп табу қиын. Ілуде бір ғана кездеседі. Со-  
ның өзінде Қасым қаламының ерекше серпінін сездіретін  
нышандар мол жатады. Ең алдымен, Қасымның тілі  
мейлінше құнарлы. Халықтың қалың ортасында туып өс-  
кен ақын ана тілінің нәрлі қазынасына ерте молыққанын

танытады. Мұның үстіне, пікірдің молдығы мен сезімнің шынайылығы да аңғарылатын еді. Соған ерекше зеректік, байқампаздық қосылып, ақын творчествосын жылдам жетілдіргенін көреміз.

Қантыс болғаннан кейін жарияланған «Өзім туралы» атты дастанында ақын:

Өкінбен менде бір күн өлемін деп,  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп,-

дейді.

Осынау арман ақын творчествосының басынан аяғына шейін тұтас тартылып жатқан өрнек сияқты. Әрине, элеуметтік мәні зор мәселелерді қозғаған өлең ғана ұзақ өмір сүре алатынын Аманжолов жақсы білді.

Сондықтан да ол қоғамдық өмірдегі ұлы оқиғаларды жан-жақты суреттеп отырды. Көркем әдебиет дегеніміз адам санасын жүректі тербету арқылы оятатынын терең ұғынған ақын өмір қайшылықтарын оңай шешуге бармады. Ол, А. М. Горький сөзімен айтқанда, нағыз «адам жанын зерттеуші» бола білді.

Қасым әдебиетте құлашын кең жайды. Оның алғашқы тақырыптарының өзі алуан-алуан. Ұлы Октябрь революциясынан қайта туған қазақ халқының жаңа өмірін, бақытын жырлай келген ақын елімізде болған оқиғалардың бәріне үн қосып отырады. Ол социалистік отанымыздың ұлылығын, коммунистік партия мен совет өкіметінің өмірге бейімділігін, советтік конституцияның әділетшілігін дәріптеді. Қаһарман испан халқы фашизммен айқасып жатқанда, испан қызына арнап жалынды жыр шығарды. Қызыләскер маршын жазды. Фин соғысына өлең арнады. Жас ақын малшы әйелдің образын жасады.

Бұл алуандас тақырыптар 30-жылдардағы жалпы қазақ совет әдебиетінің соның ішінде, әсіресе, қазақ совет поэзиясының тақырыбы еді.

Әрине, осындай санкилы тақырыпты әркім әртүрлі дәрежеде меңгерді. Өзара бір-біріне қоянның баласындай ұқсап тұратын ақындар да болды. Соның көбісі әдебиеттің жастығынан туған ұшқарылық еді. Қасымда да жалпылама жырлаушылық болмай қалған жоқ. Әрбір құбылыстың қоғамдық мәнін ашып көрсетудің орнына, болған істің үстінен шығып, таңдана, тамсана берушілік ертедегі Қасым поэзиясынан да азды-көпті орын алды.

Бірақ, о бастан-ақ Қасымның жалпы ақындық рухының ерекше сезіліп, ақындық келбетінің дараланып көзге шалынғанын еске түсіре өту ләзім сияқты.

Ертеде жазған «Сұңқар жырын» (Максим Горький туралы) ақын былай бастайды:

Бір уһілеп, бір өксіп  
Жатты дүние дөңбекшіп;  
Азап шеккен арудай  
Тұншықтырып түн түнек.  
Тұнжыраулы жер мен көк,  
Күйзелгендей күн мен ай  
Сонда сонау қиядан  
Ұшты сұңқар ұядан.  
Ұшты самғап, саңқылдап:  
Қара түнді как жара  
Қанатымен жол сала  
Найзағайдай жарқылдап.

Осыдан болашақ ақын Аманжоловтың өршіл үні, салмақты сөзі, байсалды мәнері атой беріп-ақ тұрған жоқ па?

Асылы, Қасым Аманжолов пафосшыл, шешен ақын еді. Бірақ, оның шешендігі жадағай емес-ті. Мағынаға мейлінше толы болатын. Дүние жүзінің әдебиетінде Виктор Гюго, М. Лермонтов сынды ұлы ақындардың поэзиясынан жарастықты, нәрлі шешендік үлгісін көп табамыз. Өз халқының тіл ерекшелігін есте тұтқан Қасым сөзді ылғи сақадай сайлап алушы еді. Және бұл оның сезімін қарапайым да, нәзік те суреттеуіне ешқандай нұқсан келтірмейтін. Дауылға бой бермейтін еменді ағаштың мықтысына теңегенде, оның сәнді жапырағы, балауса бұтағы болмайды деп ойламаймыз. Үлкен ақын әрқилы келеді де, бір пафостан шоқтығы биік көрініп тұрады. Қасым поэзиясының шоқтығы азаматтық пафостан көрінсе, жал-құйрығы жіті зерттеуді тілейтін тұтас бір дүние.

Соғысқа дейінгі Қасым шығармаларында Абайдың әсері басым тәрізді. Тіпті, азын-аулақ сөз қылған махаббат жырларының өзінен Абайға тән терең іңкәрлік шексіз құштарлық, оптимистік армай сезіледі. Бір түрлі, Абай лебі ескендей болады. Әлбетте, Қасым Абайды көшіріп жырлады деген ұғым тумайды бұдан. Оның көлеңкесінде қалып та қойған жоқ. Өз бет алысын, өз төтесін тапты. Бірақ, Абай сынды данышпанға жүгінбей, жөн сұрамай өту қиын да еді. Бұл жай, әсіресе, Қасымның ойға құрылған өлеңдерінен мол байқалады:

Ішім пысты жалықтым  
Жүре алман енді аяндап;  
Кенде қаппын, жаңа ұқтым  
Не болса соған аялдап  
Өткен күннен белгім аз  
Беттегі әжім болмаса,  
Шимайлаппын көп қағаз,-  
О дағы бір далбаса.

(1940 жыл.)

Осы жолдардан Абай рухы анқып тұрған жоқ па?  
Мұны жас акын жазды деп сенудің өзі күш.

М. Лермонтов 18 жасында:

Құлазып қалған жаным  
Шабыты қайтты өмірдің;  
Ермегі өлең тағы да  
Зеріккіш, мұншыл көңілдің,

деп жазды. Мұның бәрі романтизмнің әсері еді. Жас  
ақынның еліктеуі табиғи нәрсе.

Қасым әлгі өлеңінде:

Өкінгеннен пайда?  
Кеш болса да қал сілтеп  
Кім өкпелер Абайға  
Қырықта қызды жаздың деп!-

деп Абайдың шәкірті екенін мойындай отыра, өзін өзі  
қайрайды. Осыдан өздігінен іздену соқпағы да шықпақ  
еді. Ол енді:

Көңіл күйі екен деп  
Күнделік тұрмыс ызыңын  
Өмір сыйы екен деп  
Квартбюроның тізімін,-

деп алаңдаудан бойын аулақ салады.

Сол ізденіс жолында жүргенде Ұлы Отан соғысы бас-  
талады. Қасым майданға аттанады.

Қасымның өте қызықты, әсерге бай өмір тарихы  
ақындық талантының тез ашылуына үлкен себепкер бол-  
ғанын аңғарамыз. Ескі дүние мен жаңа дүние мықтап  
қақтығысқан күрес жылдарын көзімен өткерген акын за-  
ман жалынына шыңдалғандай құрыш, шымыр боп өсті.  
Екі өмірге де азды-көпті куә болды. Жетімдікті бастан  
кешті. Жаңа өміріміздің тарихта теңдесі жоқ ұлылығын,  
парасаттылығын, әділдігін ұғына түсті. Марқұм, әдетте,  
өзі туралы әңгімелеуді ұнатпаса да, көңлі түскенде бала-

лық шағын жырдай ғып айтушы еді. Өз өмірінен үлкен роман жазбақшы еді. Өттең дүние, сол асыл арманына жете алмай кетті ол. Ұзақ жылға созылған дімкестік мұршасын келтірмеді.

Ескі ауыл мен жаңа ауылдың өмірі, жетімдік зары, жаңа қоғам қамқорлығы, күнгірт сахра көңлін шайдай ашқан совет мәдениетінің мол шұғыласы, Семей мен Орал, Алматы мен Ленинград, сөз жоқ, ақын қиялын оятуға, тербеуге, шарықтауға көп сеп тигізді. Ақынның дүниеге көзқарасы кеңейді. Жазушының талантын семдіріп, қабілетін қашыратын үйкүшіктіктен жастай аулақ болған Қасым өмір шындығын кең көрді. Ол:

Дүние бір кең сарай, кең - мекенім  
Көре алмай көп жерінді мен кетемін,

деп өмірдің қысқалығын, талаптың ұзақтығын сыр ғып айтса:

Екі көз - екі жұлдыз маңдайдағы,  
Көруші ең құбылысты қай-қайдағы,-

деп кәдімгідей дүние танып қалған байқампаз, ойшыл, парасатты ақын екенін аңғартты.

Сондай бай Қасым өмір тарихында Ұлы Отан соғысы ерекше орын алады. Қасымның «Өртке тиген дауылдай» ең күшті өлеңдері де осы Отан соғысы жылдарында туған.

Әскер қатарына шақырылған Қасым біраз уақыт Қиыр Шығыста болады. Содан қызыл эшелонмен майданға тартады. Ақынның біраз шығармасы осы жорықта немесе кейін осы жорық туралы жазылған. Сол шығармаларының ішінде поэзиялық балы сорғалап тұрған ерекше екі жыр бар. Бірі - «Байқал», бірі - «Орал».

Лев Толстой «Соғыс пен Бейбітшілікті» жазып жүргенде Тютчевтің «Көктем» атты өлеңін бес мәрте оқыған екен. Табиғат көрінісін соншалық дәл, шебер суреттеген ақыннан үйренуді ұлы романист бойына мін көрмеген.

Көңілашпасы поэзия - табиғаттың да сырласы. Қасымның «Байқалы» шалқыған сурет. Соған ақынның ұшқыр қиялы, отты сезімі, мол парасаты ұласып, тамаша романтикалық дүние жасап тұр. «Байқал торғын тұман жамылып, көсіліп жатыр. Таң сәріден сабыла жәрмеңкеге жосылған, кернейлеткен көп өзен тұс-тұстан құяды. Ерте ояңған таң жеңгең шығыстан қарап тұр. Байқалға ғашық болған сол таң сұлу ғашығына қарап ой тастап, арай шашады. Айналадағы асқар тауларға алтын ту қадап қойған».

Әсірелемей, қосарламай қара сөзге аударғанда Қасым өлеңінің алғашқы бір он екі жолының беретін суреті осындай. Ал, поэзия тілінде бұл қаншалықты ойнайды десеңізші!

Осыдан кейін ақын «Көңілінен құстар ұшырып, жанында жыр жырлайды, шымылдықтай төгілген Байқал! орманын аралайды. Ал балтырлы қайыңға бұралтып би билетеді». Байқалға ақын қызығады, құшпақ болады. Бірақ, қайрылуға мұрша жоқ. Алда сын шайқасы тосып тұр. Ақын соған асығады.

Сол беттен «асығыс, алыс сапарға» бара жатқан жауынгер ақын Оралдың үстінен өтеді. Сонда оның қаншалықты тебіренгенін төл сөзімен болмаса, бөгде сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ғажайып музыка секілді. Құлақпен тыңдай бергің келеді.

Оралым, шықтың алдымнан,  
Оралым менің, Оралым;  
Қол созып қызыл вагоннан,  
Үстіңнен өтіп барамын.

Бір әсерлі күй басталды. Рухы терең, мазмұны шыншыл күй тәрізді. Соның арқасында форманың кейбір әлсіздігі байқалмайды да. Немесе: «Алдымнан - вагоннан, Оралым - барамын» деген ұйқастар онша мықты ұйқас емес. Бірақ, дәл осы арада мұның орны титтей де жоқталмайды.

Оралым, сенің қойыңда  
Ойнақтап өткен жылдарым  
Жаркылдап Жайық бойында  
Достармен сайран құрғамын.

Өмірінің жастық шағы ойнақтап өткен жер - ақынға ерекше ыстық. Сондықтан да іңкәр ақын тебірене жырлайды.

Бұдан кейінгі шумақтан Орал - ақынның талай тәтті арманын, творчестволық ойын әлдилеген құтты бесігі екенін аңғарамыз.

Шағанның бойы - көк шалғын,  
Шалқамнан жатқан шаңқай түс;  
Гүл болып менің құшағым,  
Кеудеме қонған бұлбұл күс.

Жаңа заманда еркін біліп алып, емен-жарқын ескен ақын:

Кешкенім еовет көшесін,  
Кеудемді ашып құрбыма,-

деп жас шағының қнмас қызығы қалған қаласын еске алады.

Сонау бір шетте, сонау уй,  
Кетер ме, сірә, көңілден?  
Алушы ед тартып мені ылғи  
Махаббат, жастық лебімен.  
Терезе алды - жас терек,  
Тұр екен кімдер сүйеніп?  
Жүр екен кімдер еркіндеп,  
Жүрегін ұстап үйге еніп?

Шыншыл лирика емес пе? Образ қандай? Бұдан талай жастар терекке сүйеніп өткізген талай ләззат кештерін есіне түсірсе керек. Ақынның жеке сезімі оқушының сезімімен табысып жатады дейтініміз де сондықтан.

Майданға аттанып бара жатқан Қасым Оралға деген бар ынтасын, ықыласын, мейірін, сағынышын ақтара салады.

Сағындым сені, Оралым,  
Күндер жоқ бейбіт бұрынғы  
Келгенше қайта оралып,  
Алып қал осы жырымды.

Бұрын көрмесең де Байқалдың Қасым суреттеген тамылжыған табиғатына ғашық болсаң, Оралға осы өлең арқылы ғашық боласың. Осындай сыршыл өлең тудырған жерді әдейілеп барып көргің келеді, ақын аунаған Шағанның көкорайына сенің де аунағың келеді. Шын поэзияның күші осындай болмақ!

«Орал» былай аяқталады.

Кош болшы енді, Оралым,  
Мен үшін сен күл, сайранда..  
Айтпақшы Хайда бораның?  
Кетейіналып майданға.

Өлеңнің әлеуметтік сыры терең әрі нәзік ашылған. Бейбіт елдің майданға бара жатқан ақыны бақытты өлкесін қия алмай, елжірей қоштасады. Көңілінде мұң, кезінде жас бар. Бірақ, ол жасық та, күйреуік те емес. Қайсар жан. Сондықтан да өз даласының боранын майданға ала кеткісі келеді. Бұл боран туған жердің ызакегі еді. Ол жеңіп шығуға тиісті де еді. Сол Отан кегі Қасымның майдандық өлеңдерінің лейтмотиві деп айтуға болады. Бұл кек, әсіресе, «Абдолла» (яки «Ақын өлімі туралы аңыз») поэмасында әте-мәте күшті көрінеді.

Қапылыста калың жаудың ортасына түсіп калған жауынгер «көкірегінің көкті зілін қорғасынға қоса түйіп», тас бекінеді. Жалғыз өзі жаумен қолма-қол арпалысады. Отан намысын жыртқан жауынгер көзсіз ерлік көрсетеді. Жасақты жау төніп келгенде:

Құдіреткүші жер-жаһанның  
Қанатын бер қыран құстың,  
Ашуын бер арыстанның,  
Жүрегін бер жолбарыстың:  
Күллі әлемнің ашу, кегі,  
Орна менің кеудеме кеп  
Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да жарыл жүрек,

дейді ол.

Бұдан артық айбар, ашу болар ма! Қасым суреттеген жау осал жау емес, Тегеурінді, шеңберлі, ызғарлы, мейрімсіз жау. Қасиетті жерімізде «жындай қаптап», «махаббатты шаштан сүйреп» келе жатқан (қандай тапқыр тенеу десеңізші) қанқұйлы жау ол. Бұл жаудың жарағы да сұмдық.

Түсіргендей көктің миын,  
Зіркілдеді зеңбіректер,  
Естігендей дозақ күйін,  
Көрден ытқып шықты өліктер,

Сол жауға ымыраға келмейтін, солқылдамайтын, мойымайтын ұлы кекті ғана қарсы қоюға болатын еді. Коммунистік партиямыз да жауды жаныңның барлық күшімен жек көре білуге, сол арқылы жеңіп шығуға ұран тастаған еді. Қ. Аманжолов сол рухта өткір жыр жаза білді.

Ашулы Аманжолов ешуақытта ақындық нәзік сезімнен қол үзіп керген емес. Кек қазандай қайнаған «Абдолла» поэмасының өзінде нәзік сыр молшылық.

Қаратолқын орман шашын  
Жұлды талдап снарядтар.

Осынау екі жолда қаншалық сыр жатыр. Бұл жерде орман тікелей табиғат күйінде бір көрінсе, бағанағы жау шашынан сүйреген махаббатты да еске әкеліп түсіреді. Солардың екеуіне де ақынның жаны ашиды. Ақын орыстың «ойшыл орманын», «ақырын ғана сырнай тартып, сыр шерткен ну қарағайын» сүйеді. Сол қарағайды сатыр-сұтыр от жалап жатыр. Бұл от ақынның геройын қоса жалмағалы келеді.



Ыза боп жау жіберді өрт,  
Кідірді ол оқ таусылып.  
Автоматы ең соңғы рет  
Алды демін тынды сулық...

Осыдан кейін лажы таусылған герой жау қолына түскенше, өртке жем болғанды артық көреді.

Қызыл-жасылкиінген өрт  
Көрінді оған боп қызойнақ:  
Толқып торғын, жайнап букет,  
Тым сиқырлы билеп, ойнап.  
Айтып жұмбақ өлеңдерін,  
Аңыз болып бір сұлу жар,  
Желпіп жалын желектерін,  
Келе жатты от сұлулар.

Осындай ғажайып сиқыр суретті көргенде, акын-герой Абдолла шошымайды.

Ашып отқа омырауын,  
- Естісің,- деп,- қырсық жауым,  
Айтты ол шырқап өрт ішінде  
Сүйген әні «Қарғам-ауын...»

Герой есер жауды мазақтап, сақ-сақ күліп, өлім қойнына өлеңдете кіреді. Бұдан артық оптимистік бола ма?

Қасымның поэзиясы күллі Отанды, соның ішінде туған жерді сүйеге, қастерлеуге үндейді, қайсарлыққа, табандылыққа, қаһармандылыққа баулиды. Ақынның өмірге, келешекке артатын үміті, сенімі мол жатады. Подполковник Альпинге жазған өлеңінде:

Балтырын таңған, сұр шинель киген  
Осы бір солдат өтер өрттен  
Тасқындай еркін поэзиясымен  
Шығар бір барып келешектен -

дейді.

Осы мотив басқа өлеңдерінде де бар. Өлеңмен Ғабдолға жазған хатында ақын майдандағы өмірін:

Қып-қызылдария майданға  
Басымен сүңгіп келемін.  
Бойлап бір шығып қайраңға  
Ойлап бір кешіп тереңін,-

деп суреттеп келеді де:

Білмеймін қайда жоғалттым  
Сескену, қорқу дегенді?

Есігін қақтым дозақтың  
Өлеңмен келіп мен енді.  
Жанымды салсам жалынға,  
Жанады-ау деп те сескенбен.  
Жап-жасыл балғын шағымда  
Шомылып өртке өскем мен,-

деп ұрыстан жасқанудан аулақ екенін сездіреді.

Ақынның осындай батырлығы көктен түсе салмайды. Алуан түрлі себебі бар. Соның бірі - манағы айтқан Отан кегі, ел намысы.

Жүрегім шоққа көмілді,  
Жанымды жайдым өртенге:  
Сұмдықта кеткен кегімді  
Қайтара алмай өтем бе?

Бұл босандық емес, шымырлық; өкіну емес, өзін өзі қайрау, сол арқылы майдандастарын қайрау деген сөз.

Қасым - қайда жүрсе Отанын, ел-жұртын, халық тағдырын ойлап, пида болған азамат ақын, ойлы ұлан. Ол қамыға да біледі, ширыға да біледі. Советтік еліне туған халқына мейлінше ынтық ақын сол елдің, сол халықтың көңіл-күйіне қарай бірде күрсініп, бірде шаттанады.

Аспанымды бұлт торлап,  
Кұрыстырды денемді.  
Көзімнен жас домалап,  
Төктім сонда өлеңді.  
Жырымды да жасымды  
Бір сығып мен тастадым.  
Жайнап қайта ашылды  
Ойым менің, аспаным.

Шіркін, ақын осылай жырласын да! Поэзия еріккеннің ермегі, яки немесе күнелтудің көзі емес. Әсіресе ел басына қатер төнгенде поэзия көздің жасынан, көңілдің жалынынан пайда болады. Екіншісі ер емес. Әу дегеннің бәрі ақын емес. Ақын халықтың асыл қасиетінен туып, алдағы арманына қызмет етеді. Солай болғандықтан да соғыста жүрген Қасым қас-дұшпанның ұлан-байтақ жерімізде «жындай қаптап» басынып қара күштің салмағын салғанына, пәк санамызды уландырмақ болатынына ызасы келеді, зығырданы қайнайды.

Жеді ғой іштен өкініш,  
Қайратымды үңгіп, қуыстап,  
Кеудеде тынған дауыл күш  
Шығасың қай күн ту ұстап?

Жүрегінің түгі бар, осыншама сарқылмас жігері бар, сыршыл парасаты бар солдат ақынның жеңіп шығатынына кәміл сенесің. Кейін сол жеңісті де Қасым өз орайымен тамаша жырлады.

Асылы, Қасым Аманжолов шыншыл, реалист ақын еді. Адам сезімін жан-жақты жеткізе білетін-ді. Оның шығармаларынан бір шындық ерекше анық ұғылады. Адам ерлік іс жасау үшін ең әуелі өз жүрек батыры болуға керек. Бұл дүние сырына толық қанудан туады. Ар не, намыс не, абырой не, мәртебе не, парыз не, бақыт не, бишаралық не - соның бәрін іштей терең ұғынған жан ғана қаһармандық жасай алмақ. Ондай адамның мейірі-мі де, шаттығы мен сағынышы да мол болмақ.

Өрт шарпыған орыс орманымен бірге күйзелген Қасым Ғалиға жазған бір хатында былай дейді:

Жанымның жалын шалған жапырағын  
Жібердім салып хатқа, ағажаным.  
Жи дағы достарымды көрсет өзін  
Жапсырып кеудесіне домбыраның.

Осындай жарасымды сағыныш сарыны Қасымның майданда жазған талай өлеңінен байқалады. Мұның сөкеттігі де жоқ. Өмір мен өлімнің шекарасында жүрген адам елін, дос-жаранын, құрбы-құрдасын, үй ішін, сүйген жарын, ата-анасын сағынуы әбден табиғи нәрсе. Бұл жай Алексей Сурков, Константин Симонов сияқты озық орыс ақындарының да майдандық шығармаларынан мол табылады.

Бірақ, соғыс тұсындағы Қасымның қайсыбір өлеңдерінде жеке бастың өткінші сезім күйіне талғамай еріп кетушілік фактылары да болды.

Соғыс кезінде әр халық өткендегі қаһармандық дәстүрін еске алды, мақтан етті, ұлттық намысын ту ғып көтерді. Мұның өзі ұлы орыс халқымен тізе қоса отырып, қас дұшпанды тойтаруға жәрдемдесті. Біздің елде әрбір халықтың ұлттық мақтанышы әлдеқашан интернационалдық мақтанышымызға айналады. Соғыс тұсындағы Қасымның осы шындықты шала түсінгенін байқаймыз. Мұны қымтау тарих үшін қиянат болар еді.

Қ. Аманжолов 1943 жылы Қиыр Шығыстан Батысқа, майданға өтіп бара жатып жазған «Сарыарқа» атты өлеңінде Сарыарқа табиғатының сұлулығын жырлап келеді де:

Сарыарқа, сағындырдын, ата мекен,  
Сар дала анам едің, құшағың кең:

Тұсыңнан тоқтай алмай барам өтіп.  
Артта - сен, алда - майдан, қайтсем екен?

деп бітіреді. Жалпы совет жерін қорғауға бара жатқанын ұмытып, жорықтан лоблығандай болады. Ұлы орыс жерінсіз Сарыарқа сәнді өмір сүре алмайтыны ақын қиялынан тыс қалып қояды. Сол сапарда жазған "Ертіс" атты өлеңінде: «Арқада аққан күміс, алтын арна, ер ерке Ертісімдей өзен бар ма?» деп, Ертісті бөлек бөліп алып жырлайды. Және ондай өзен кайда, деп қате пікір айтады. Осының салдарынан өлең идеясы тым аласа, шеңбері тым тар болып қалған. «Ертістің толқынына тербеліп, ән салып өскен қазақ ұлы қайтып сорлы болсын» деп сарқады ақын бар ойын.

Әрине, өз халқының ырысты, құтты, қайырлы, талантты жақтарын жіті көріп, оқушы жұртшылығына толық таныту әрбір патриот әдебиетшінің парызы. Бірақ, сол қасиеттер Ертісте туғандықтан ғана пайда болды деу, ең сыпайылап айтқанда, аңғырттық болады. Жалпы соғыс атаулының екі түрлі болатынын да Қасым байыптай бермейді. Отан жерін азат ету үшін барған ақын:

Мен кеттім, сол кеткеннен кеттім ұзақ,  
Базарға келіп түстім қанды қасап.  
Қан жалдап шалпылдатып кете бардым,  
Серігім болды менің азап, михнат, -

деп соғысты «қанды қасапқа» теңейді. Мехнат - азапты баса суреттейді. Социалистік реализм әдісін жатырқайтын жабайы натурализмге ұрынады. Сөйтіп келеді де:

Мың есе білдірдің ғой кәдіріңді,  
Атыңнан айналайын, ата қазақ,-

деп зор ақын ұлттық тар шеңберге қысылады. Оқушы жұртшылыққа ескерте кететін бір нәрсе, Аманжолов творчествосында осындай азын-аулақ сәтсіз жолдар ақынның толық жинағында түсіп қалыпты. Ептеп тігісін жатқызушылық та сезіледі. Бұл шығарушылар алқасының істеген бір ағаттығы деп білемін. Неге десеңіз, ленинизм тарихты әрле демейді. Кезінде талай-талай басылып, қалың бұқараға кең таныс болған, бертінде партия жұртшылығының, әдеби жұртшылығының әділ сынына ұшыраған өлеңдерді, жеке жолдарды мұраға енгізбей, үрку орынды болмайды. Әрбір ақынның қатесін, кемшілігін қымтасақ, өзге авторларды міннен сақ-

тандырмаған болып шығады. Және, бұл орысша айтқанда, никелировкаға апарып соғады.

Некен-саяқ сәтсіз жолдардан үркүдің қажеті жоқ дейтін себебіміз, күңгірт көңіл күйлері соғыс тұсындағы Аманжолов творчествосынан ішінара ғана ұшырайды. Ағат жазылып қалған жолдар Қасым поэзиясының жалпы идеялық, көркемдік сапасына нұқсан келтіре алмайды. Мұны ақынның басындағы қайшылық деп атауға да болмас еді. Өйткені, коммунист ақын Қасым Аманжолов тұңғыш өлеңінен бастап өмірінің ең ақырғы күніне дейін советтік отанын жырлап өтті. Коммунистік партияның ұлыидеясын берік ұстанды. Бұл ақынның соғыстан кейінгі творчествосынан да толық көрінеді.

Қасымның 1948 жылы шыққан «Дауыл» атты жинағы қазақсовет әдебиетінде тың оқиға болды. Мұнда ол ешкімге де ұқсамайтын өз бетін, өз үнін, өз орамын толық танытты. «Дауылға» соғыс алдындағы, соғыс тұсындағы және соғыстан кейінгі шығармаларының ең шырайы, ең нәрі енді. Бұл кітаптың оқушы жұртшылыққа өшпес әсер етуі де сол себептен-ді.

Қасым - орыс тілінде екі жинағы шыққан, орталық газет, журналдарда талай жарияланған ақын. Ол бүкіл орыс жұртшылығына, күллі одақ жұртшылығына түгел танылған.

Қасым Аманжоловтың поэзиясы совет жазушыларының бүкілодақтық Екінші съезінде жоғары бағаланды. Сондай-ақ ол туралы соғыстың соңғы жылдарында Александр Фадеев те жоғары пікір айтқан болатын. Аманжоловтың поэзиясы туралы, соның ішінде әсіресе «Абдолла» атты поэмасы туралы жазушы, ақындардың кезінде айтқан батыл да әділ пікірлерін әдебиет зерттеушісі Есмағамбет Исмаиловтың жинаған деректері бойынша толық еске ала кеткім келеді. Бұл ретте, мысалы, Ғабит Мүсрепов «Абдолла» туралы бірінші боп пікір айтып, былай деген:

«Қазақ әдебиетінде Қасымның ағасы да бар, інісі де бар, құрдасы да бар. Солардың ішінен Отан соғысының тақырыбына жазамын деушілердің бәріне де «Абдолла» жаңа бір қырканы меңзейді. Жаңа тақырыпты жақсылап жазайық дейді. Қасымның ең бір жете ұғынатын жақсы ойы осында. Қасым поэмасын жете ұғынғың келсе, мұнда көп нәрсенің дұрыс бейнесі көрсетілген. Сонымен бірге, сол бейнелерді қалай көрсету керектігін де анықтап кетеді...»

Көп шығармаларымызда «Отанын сүйген, елін сүй-

ген» деп келеміз де, соны шын әдебиет тілімен айта алмаймыз. Отанын сүйді дедік, міндет атқарылды дейміз. Ал осыны Қасым қалай берген? Ол Абдолланың жан жалынын, сезім толғануын көрсету арқылы бере алған, жалт-жұлт еткен жау отының бір шоғы келіп Абдолланың жүрегіне түскендей болады. Сонда Абдолла қайтеді?

«Ер күрсініп алды демін,  
Қызғыш болып қызғанышы.  
Қимай жауға көл арнасын  
Жалын шарпып демалысы,  
Жүрегіндей сол аймақтың  
Аласұрды намысты ұлан!»

Міне, Отанын сүйген адамның жан тұлғасы осылай болуға керек. Жазушы адам жанының инженері, осы жан құбылысын көрсете алу керек. Сыртты емес, ішті көрсете алсын. «Сайтан отын» жағып, өктемдей күлген жаудың күлкісі Абдолланың жүрегіне қанжардай қалды.

«Ашуын бер арыстанның  
Жүрегін бер жолбарыстың,  
Күллі әлемнің ашу-кегі  
Орна менің кеудеме кеп!  
Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да жарыл жүрек!» -

дейді Абдолла.

Шынын айту керек, біздің әдебиетте бұл әлі айтылмаған сөздер.

«Сол аймақтың жүрегіндей тулап, намысты ұлан аласұрды!» деген өте мағыналы теңеу. Осылай жан толғанысы бар намысты ұлан:

«Жау жолына атам сені,  
Бомба бол да жарыл жүрек!» -

десе, ақын айтам деген сөзін барынша-ақ жеткізе айта алғаны! Мұнда соны теңеу де бар, мұнда терең ой да бар, мұнда жалынды ақын да бар! Поэманың ең күшті жері Абдолланың өлер жері...

«Тудыны» айту қанша қуанышты, қанша оңай болса, «өлдіні» айту сонша қиын, сонша қайғылы нәрсу. Ақын Қасым осы жайды мынадай бір шебер суреттеп берген:

«Кейде сағым, кейде жалын,  
Арбады елес көз жанарын,  
Көрдібәрін, құшты бәрін:  
Туыстарын, жан достарын...  
Кенетосы сұлу сурет

Тұрған жайнап, көзді тартып  
Сұп-сұрланып, уа, керемет  
Орны-орнында қалды қатып»-

дейді.

Поэма майданда ерлік көрсетіп елі үшін қаза тапқан ақын жайында. Ақын Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңдігін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімінен жас тамшылатар ақын сөзі өзгені өртеп, жүрегін тербеп шыққан.

«Әдебиет және искусство» журналында (1947 ж-номері) ақын Қалижан Бекхожин былай дейді:

«Қасымның бұл поэмасынан қанды майданда жараланған жолбарыстай жау отымен жағаласқан «өрт жанарлы» жауынгердің бейнесін көреміз... Поэма оқушыны тартып, геройына ыстық сезім тудыратын, оның ерлік істеріне сүйсіндіретін шығарма. Поэманың негізгі қасиеті ақынның бейнелеу, суреттеу жағына өтімді, қонымды теңеу табуында. Қасым келе жатқан сұмырай жаудың сипатын аз сөзбен әсерлі, айқын етіп суреттей білген».

«Социалистік Қазақстанда» (18/У-1948) ақын Әбділда Тәжібаев былай деп жазды:

«Ақынның соғыс тақырыбына жазылған көп жақсы өлеңдерінің ең биік шоқтығы «Абдолла». Бұл батырдың қанымен жазылған, әр сөзі оқ боп атылып, от боп шашылып тұрған оптимистік трагедия. Өлімді жеңіп өлген намысты, саналы совет жауынгерінің өшпес образы, ерлік шені... Ақын мен кейіпкердің жаны тепе-тең. Расында да әрбір сөз қыранның қанатынан, арыстанның ашуынан, жолбарыстың жүрегінен алынғандай. Сол қасиеттің арқасында ақын жүрегі жау жолына бомба болып жарылған. Осы бір өлеңнің өзі Қасымды ең күшті ақынымыз етеді».

Белгілі орыс жазушысы Л. Соболев былай дейді:

«Ол қаптаған жауға қасқайып қарсы тұрып, жалғыз оғы қалғанша жалынға өртенген өзінің шебін қорғап соғысып, ерлікпен қаза табады. Осы туралы Қасым Аманжолов «Абдолла»... («Ақын өлімі туралы аңыз») атты поэмасын жазды. Бұл шынында да терең сезімге және жарқын образдарға лық толы салтанатты, ұлы бейнелі аңыз» («Солнечный день» 1949, 5-бет).

Ақын Тайыр Жароков былай деп жазады:

«Қасым Аманжоловтың «Дауыл» атты өлеңдер жинағы, негізінен алғанда, өскен ақынның қаламынан жар-

кылдап, тың сезімінен құрылып жазылған жылы лирикалар. Соны, тың теңеулер арқылы, үлкен ойлар ойлап, оқушының сезімін қозғай біледі. Оның «Абдолла» - атты шығармасы осы айтқанымызды дәлелдейді. («Социалистік Қазақстан» 2/IV-1949).

Совет мәдениетінің көрнекті қайраткері, белгілі ақын Н. Тихонов былай деп жазды:

«Қазақ ақындарының жырларында өмірдің кең тынысты лебі өзінің табиғи түйсігімен елестейді... Қасым Аманжолов «Абдолла» поэмасында батыр Абдолла Жұмағалиевтің ерлігін жырлады, геройдың отты өлімін бейнелеуге шебер ақындық сөздер, бояулар таба білген». («Казахстанская правда» 25/V -1949).

Қасым Аманжоловтың жеке өлеңдері халықтық демократия елдері тілдеріне де аударылды. Соғыстан соңғы шығармаларында Қасым өмір көріністерін, өмір шындығын бұрынғыдан да кең қамтиды. Бұл жылдары оның творчествосында актуалдық, оперативтілік басым. Заман қарқынынан қалысқысы келмегендей құлашын жан-жақты сермейді. Ақын «Соғыстан соңғы бесжылдық» деген өлеңінде:

Қайғырма, туған жеріміз,  
Жиренген жауын жеңілді.  
Бөлейміз нұға сені біз,  
Жайқалтып алтын егінді,—

десе, осыдан кейінгі шығармаларында сол туған жеріміздің қалайша жаңарып жатқанын суреттейді. Ақын бұрынғы «құлазыған Қарағандының», «жап-жалаңаш Балқаштың», «сарғайған Сырдың», «бедірейген Бетпақ даланың» бүгінгі құлпырған көркін көз алдына алып келеді. «Шарасында шайқалған» Аралды жырлайды. «Асқар таудың басына қысты қуып тастаған» көңілді көктем суретін жасайды. «Сауыншы жеңгейдің жырын», «Жылқышы жырын» тудырады. Колхозды ауылдың саналуан шалқыған байлығын жыр етеді. «Дүние дұшпандарына», «Дүние симас бомбаға» тәріздес өлеңдерімен бейбітшілік қозғалысына айбарлы үн қосып отырады. Сонымен қатар ақын бөбектерге арнап көптеген дәмді өлең жазды. Көркем аудармамен көбірек айналысты.

Бұл жылдары шоқтығы биік «Біздің дастан» поэмасы туды. Бұл жалпы қазақ совет поэзиясына қосылған тың қазына еді.

«Біздің дастан» - еліміздің азаматтық тарихына құ-





леп ақты, ормандар да күйін шерттіп, даламыз кеңіп кетті». Сол жаңа дүние Лениннің қазасына тап болғанда ақын нендей суреттер жасайды деңіз?

Күректің сабы енгендей жүрегіне,  
Сүйеніп шаруа тұрды күрегіне  
Сақалын ағартардай аққан жасы,  
Кондыкеп қасірет бұлт реңіне.  
Шат күліп кең далада шапқан кедей!  
Кенет кілт қалды тоқтап

тырс үндемей  
Құшақтап аттың жалын тұрды еңіреп  
Далада қалған қатып бір белгідей.  
Ананың ауыр жасы түсті аунап,  
Қасіретқоламтасы қайта қаулап,  
Партизан баласына қарай берді,  
Бақытын әкеткендей біреу жаулап  
Балғын қыз бұрымына қызыл такқан  
Түсті сұлқ

айрылғанда махаббаттан,  
Жас жігіт қалды тұнып қариядай,  
Жап-жаңа домбырада күйін тартқан.  
Сағада сыңсыды да үзілді күй,  
Бір ауыр тыныштыққа толды әр үй  
Алдында әр адамның бір бос ыдыс,  
Сықылды мезгіл тұрды,-  
жасыңды күй.

Бұл қайғыдан жауымыз шошып кетсе, күллі еңбекші әлем өзіміздей зар иледі:

Зар жылап бүкіл дүние еңбекшісі  
Қазағанын тосты үлкен-кіші,  
Нілінде қасіреттің тұрды негр  
Ерінге қатты батып күрек тісі.  
Сары өзен - саруайым аққан сыңсып,  
Бойында қытай ұлы тұрды ыңырысып  
«Аһ! Ленин!..» кеудесінен шықты жалын,  
Үміті шалажансар түсті ыршып.

Ленин дүниеден қайтты, бірақ, өлген жоқ. Оның ілімі, идеясы мәңгі жасайды, ол орнатқан жаңа өмірдің коммунизм жолындағы күресте мерейі үстем бола береді. Сондықтан да ақын өз ойларын былай түйеді:

Өлген жоқ жатыр Ленин ұйықтап қана,  
Жаһанның жүрегіндей ұлы дана:  
Жердегі барлық жолдың түйіні сол,  
Құядыжұртағысы соған ғана.  
Келешек ғасырлардың тың жолдары  
Күман жоқ, сол торапқа соғар бәрі,  
Күн маңдай көсемінің төңірегінде  
Айналар адамзатты ап жердің шары.

Маяковскийдің рухынан үйрену деп осыны айтамыз! Әрине, «Біздің дастан» жалғыз Маяковскийдің әсері арқасында ғана пайда болды деу ағаттық болар еді. Бұған Қасым ұзақ жылдар іздену арқасында келді. Осыған дейін ол «Абдолланы» айтпағанның өзінде, «Қытай қызы», «Құпия қыз», «Боран», «Бикеш» сияқты поэмалар, «Естай - Қорлығайын» секілді драмалық поэма жазған. Бұлардың әрқайсысы әр дәрежеде жазылғанмен, бәрін тұтас алғанда ақын үшін творчестволық биікке алып баратын саты есепті болды. «Қытай қызында» ақын туысқан қытай халқының жапон басқыншылығына қарсы қаһармандық шайқасын суреттеді. «Құпия қызда» әйел теңдігі, әйел жанының фактігі, батырлығы, сезімінің тереңдігі жырланды. «Боранда» адамның долы табиғатпен күресі бейнеленді.

Міне, солардың бәрі Қасымның творчестволық тәжірибесін байытып, «Біздің дастандай» шалқып жатқан тамаша поэзияға алып келді. Әрине, әлгі айтылған поэмаларға да классиктердің ықпалы тимей қалған жоқ. Мәселен, «Боран» көбінесе Пушкин әсерімен жазылды. Бірақ сол ықпал, әсерлер Қасымды өзінің табиғи дарынынан тайдырған жоқ. Оны қанаттандырып, шабыттандыра түсті. Тегі, Қасым Аманжолов күллі дүниелік әдебиеттен мол үйренген, жаны мәдениетті ақын. Пушкин, Абай, Низами, Байрон, Гетелердің бәрі Қасымға көптен таныс болатын-ды. Бірақ солардың ішінде ақындық рухы жағынан Лермонтов пен Маяковский оған өте-мөте бауырлас еді.

Қасымның 1940 жылы жазылған «Дауыл» атты өлеңін алып қарайық.

Ышқына сокқан дауылға  
Құмартушыем жасымда;  
Нөсерлеп құйған жауында  
Қызығушы ем жасынға;  
Жүгіруші ем жарысып,  
Сарыарқаның желімен  
Ойнаушы еді алысып  
Сокқан дауыл менімен...

Өзің де «Сарыарқаның желімен жарыса» жүгіргендей боласың. Сенімен дауыл алысып, ойнағандай сезінесің.

«Дауыл, дауыл!» дегенге,  
Шықтық үйден дүркіреп,  
Аспан тұрды төбемде  
Аласұрып күркіреп.  
Дүние сол кез дүрілдеп,

Келе жатты бір дауыл.  
Түндіктері желпілдеп,  
Күтіп тұрды жарлы ауыл.

Лермонтовтың «Желкенінің» сарыны бар емес пе?!

Әрине, жаңа заманның жыршысы Қасым дауылға басқаша, жаңаша мән береді. Тозығы жеткен ескі дүниені қиратып, жаңа өмір орнататын күштің бейнесі ретінде алады ол дауылды. Сондықтан Қасым өлеңінің идеясы да айқын. Бұл - революцияшыл өз дәуіріміздің идеясы.

Қасым өмір бойына туған жердің тамаша табиғатын жырлап өтті. Сол табиғаттың құлпырған құбылыстарын көргенде Қасым еске түспей тұрмайды. Рауандап атқан «таң жеңгені», «қанаты қанға малынған ақша бұлтты», кешкі шымқай арайды көргенде Қасым еске түседі. «Алыстағы нажағайдың қара түнгі қанаты» жарқылдағанда, аспан сатыр-сұтыр жарылғанда, дауыл ысқырып соққанда арасында Қасым жүргендей сезіледі. «Сіркіреп жаңбыр жауғанда ақын жаны ауамызда қалықтап жүзіп жүргендей» болады. «Қарауылға тұрған ай» да, «заңғарда жүзген жұлдыз» да, «Сарыарқа жақтан ескен жібек қанат самал» да Қасымды еске салады. Тауға шығып, жаңарған кең далаға көз жүгіртсек, қатарымызда Қасым тұрғандай әсер аламыз.

Шықты тауға қарашы кең далаға;  
Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға,  
Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,  
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?  
О, дариға, алтын бесік туған жер,  
Қадіріндікелсем білмей кеше гөр!  
Жатаалмас ем топырағында тебіренбей,  
Ақын болмай тасың болсам мен егер.  
Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің!  
Нендей күйге жүрегімді бөледің?  
Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем,-  
Арманым жоқ бұл дүниеде,- дер едім.  
Мен де өзіндей байтақ едім, кең едім,  
Қызығындыкөріп еркін келемін  
Сен де аямай бердің маған барыңды  
Мен де аямай барым саған беремін.  
Болдым ғашық, туған дала, мен саған,  
Алыс жүрсем арманым - сен, аңсаған  
Жақын жүрсем, мен - төрінде жаннаттың,  
Алтын дінгек - өзім туған босағам!-

деп туған жерді Қасымға қосыла жырлағымыз келеді.

Сол сияқты, Қасымның «Көкшетау», «Бурабай толқындары», «Жайық», «Сырдария аңызы», «Бетпақ да-

«Алматы» тәрізді өлеңдерінен де туған өлкенің бүгінгі гүл-гүл жайнаған бейнесін көреміз, ақынның ынтық лебізіне балқып, онымен қосыла сүйгендей боламыз. Сондай шалқыған шабытты жыр Қасым поэзиясында дәмді де, ойлы да шырайлы лирикаға ауысып отырады. Ол Ұлы Отан соғысының соңғы жылы жазылған «Қызғалдақ» атты лирикалық өлеңінде:

Өртенген үй орнында  
Өскен жалғыз қызғалдақ:  
Кез боп қалдың жолымда,  
Аялдаттын азырақ.  
Өртенген үй жұртында  
Қып-қызыл боп желбіреп  
Қалай өстің сен мұнда?  
Неңдей сыр бар, неңдей кеп?  
Қансынба әлде тамған бір  
Күнәсіз жас жүректен?  
Сен екенсің жас өмір  
Ескі жұрты күзеткен?-

дейді.

Өртенген үйдің жұртында қып-қызыл болып желбіреген қызғалдақ жаңа өмірдің жалауы сияқты болып та көрінеді. Бұл жолдарда сағыныш та бар, шаттық та бар, жалпы өмірдің мәңгілік екеніне такаббар мақтаныш та бар. Қасым поэзиясының әрбір жолының астында осындай бұрқыраған сезім, мол пікір жатады.

Қасым қазақ сахарасында искусство үшін туған жан еді. Ол өз тексті бойынша бірнеше ән шығарған комиозитор да болатын. Мәселен, атақты «Қайда екен, қайда, дариға, сол қыз» өлеңінің арнаулы әні бар.

Осы өлең арқылы және «подполковник Альпинге» тәрізді майдандық өлеңдері арқылы Қасым жалпы қазақ поэзиясына тың түрлер қосты. Қазір Қасым өндірген он буынмен жазып та, аударып та жүрміз. Сол сияқты, аяқасып келіп отыратын сегіз буынмен тоғыз буынды жолдар да ауызекі сөз ырғағын беруге орамды-ақ. Форма саласында Қасымның құнтты ізденгенін бұрын жарияланбаған жырларынан да көп аңғарып отырмыз.

Қасым әр жанрда жазды. Оның фельетондары, қысқа актылы пьесалары өткір сатираға жатады. Прозалық шығармаларынан ой парасаттылығы, тіл құнарлылығы мол кездеседі. Әдеби сын мақалалары искусство табиғатын терең ұғынғанын танытады.

Қасымның көп аудармалары біздің жалпы аударушылық тәжірибеміз үшін биік үлгідей саналады. Түпнұсқаны терең түсінудің, әлеуметтік идеялық сапасын,

көркемдік өзгешелігін, ой мен тіл ерекшелігін толық жеткізе білудің үстіне, Қасым аудармаларында қазақ тілінің ішкі заңдары мол ескеріледі. Және сол тіл түпнұсқаға жарасып, байып та отыратын сияқты. Қасым аудармаларын творчестволық жарыс аудармасы деп айтуға әбден болады.

Өтеді күндер, өтеді түндер,  
Өтеді жазым зымырап:  
Соғады дауыл, солады гүлдер  
Сарғаяды жапырақ.  
Ой ұйқыда, жүрегім жым-жырт,  
Сөнеді көздің жанары;  
Бәрі ұйқыда жатыр ғой мүлгіп  
Тірліктің жоқ еш хабары...  
Берші өмір, бер махаббат  
Жүрекпен сүйсін адамды  
Ол болмаса, етіп талақ  
Өртесін мына жалғанды.  
Сыбағам кайда, сыбағам,  
Жоқ па, сірә, ешқандай?!  
Жақсылық менен аясан  
Жамандық бер, а, құдай!

Тарас Шевченко өлеңінің осы аудармасынан мін табу қиын. Қазақ тілінде Тарастың өзі жазған секілді болып тұр. Аударма атаулының ең бір үлкен қасиеті осында болмақ. Ләйлі мен Мәжнүн хаттарының, «Полтаваның», «Маскарадтың», «Василий Теркиннің аудармалары әрқайсымызға да үлкен ой салады, өнеге береді;

Қасым Аманжолов «Нар тәуекел» дейтін өлеңінде творчество сапарының қиын сапар екенін, бірақ соны біле-тұра, «қиынға құлаш ұруға» біржола бекінгенін, бұл жолда мүлгі, ілби алмайтындығын айта келіп:

Жығылсам да жүгірумен өтемін,  
Аяңшының ақылын мен не етемін  
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,  
Барар жерге бұрынырақ жетемін,-

деген еді.

Сол өзі айтқандай, ол творчестволық аз өміріп жарыспен, жүгіріспен өткізді. Әрине, аяғын ақырын басқан адамнан гөрі жүгірген адамның көбірек сүрінуі бек ықтимал. Оның үстіне, Қасым «омбылап өз төтесімен» тартты. Сол творчестволық іздену жолда ішінара сәтсіздігі, де сүрініп кеткен жерлері де болады. Бірақ, оның есесіне, мәрелі жеріне тезірек жетті. Жаман-жақсы болса да ел ұлы бола білді. Өз халқының бақытты тағдырын дұрыс болжап, коммунизм жеңісін аңсап

өтті. Халқын соған үндеді. Оқушы жұртшылығы түгел таныған Қасым Аманжолов қазақ халқы мәдениетінің тарихында өшпес жұлдыздардың бірі болып қалады. «Аманжол Рақымжанның Қасымы едім, мен қалған бір атаның ғасыры едім» деген Қасым ақын, шынтуайтында, бір атаның ғана ғасыры болып қалған жоқ. Ол халқымыздың адал әм ардақты ұлы болды. Ел-жұртын шексіз сүйе білді. Қолынан келгенше қызмет те етті. «Әрі-сәрі болмай, жүрегінің күйі неде екенін білген» ойлы ақын Аманжолов бізге недәуір өнеге де қалдырды.

Өмірінің ең соңғы күндерінде, төсек тартып хал үстінде жатқанда қайта жазған «Нұрлы дүние» атты өлеңінде марқұм былай деген:

Нұрлы дүние, шіркін, дәурен,  
Ойлаймын ғой сені ылғи!  
Көкейімнен кетпей сәулең,  
Көкірегімде толқиды күй.  
Қатты сырқат үстінде де  
Бір сені ойлап қиналамын,  
Өңімтұрсын, түсімде де  
Сені қайтіп қия аламын!  
Тіршілікте тыпыршыған  
Бір күніне не жетеді!  
Аулақ, ауру ыңырысқан,  
Өмір күйі тербетеді!

Творчестволық зар күйіндегі жас өмірін және осынау нұрлы дүниені қия алмай, «арызын қағазға жазып», оқушы достарымен жылай-жылай қоштасқан, артында таусылмас арманы қалған аяулы ақынымыз Қасым Аманжолов әрқайсымыздың жүрегімізде мәңгі-бақи сақталатын қасиетті есім болмақ.

Тірлікте тербелейін, тебіренейін,  
Бір күні ұйықтап кетсем, оянбаспын,-

деген Қасым өзі айтқандай оянбайтын ұйқыға шомды. Жыр дауылы толастап, қыран қиял тұғырына қонды. Тулаған жүрек тұнды. Халыққа қадірлі үлкен бір өмір үзілді. Бұл өмірді әлі талай адам сағынады; мезгілсіз, ерте үзілгеніне шексіз өкінеді. Сонда қазіргі замандастарымыз бен келешек ұрпақтар ақынның томдарын ақтарып, жүрекпен сөйлесіп отыратын болады.

Поэзия халықтың рухын көрсетеді. Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын мол табамыз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында. Қасымның мейлінше жалынды, лепті, күйлі,

сыршыл поэзиясы - әр ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия. Қасым халықтың жанына үңіліп, оның шаттығына бірге шаттанды, мұңына бірге мұңайды. Жалпы адамға тән сезім Қасымға да тән еді, әрине. «Кең жайдым құшағымды дүниеге, білдім мен қайғыра да, сүйіне де» деп сырын жасырмай, «жанының терезесін айқара ашып» отырған бұл ақын оқушының қайғысына да, қуанышына да ұзақ ортақтасады. Оған көңіл жабыққан шағында рухани медеу болады, күресте жасымас жігер қосады, тыныс сәттерінде құлақ құрышын қандырып, көңіл хошын келтіре түседі. Қасым поэзиясы домбыраның сағағынан күмбірлеп сорғалаған қоныр күйге ұқсайды. Бұл күйден көңілінің санасы барлар әрқашан да мол ләззат, нәр алып, кең тыныс табады. Қаншама тыңдасаң да жалықтырмайтын өміршіл күй бұл! Сезіміңді тереңдетіп, мейріміңді молайтып, қиялына қанат қақтыратын, жаныңды шабыттандыратын Қасым поэзиясы жаңарған өмірге әржақты жараса бермек! Сондықтан да өлімнің құшағына симайтын ақындардың бірі өзіміздің Қасым деп білеміз.

. . .

Қазақтың аяулы ақыны Қасым Аманжоловтың дүниеден өткеніне де жиырма жыл толыпты. Осы мезгіл ішінде ақынның аты көңілінде жатталып, жүрегінде мәңгі сақталыпты.

Әдебиетке отызыншы жылдардың орта шенінде келген Қасым Аманжолов бұғанасы бекімей жатып Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыстан кейінгі өмірінің соңғы үш-төрт жылында ол төсек тартып жатты. Бұл кезде бұрынғы жинап-тергендерін бір ізге түсіріп, реттеуден әріге бара алмады. «Арнадым жинағымды бәріңізге» деген жолдың астарында жүрек шошырлық сыр бар еді. Сонымен, оның білек сыбанып жұмыс істеген мезгілі - он жыл шамасында. Оның ішінде сапалы жазғаны соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі жылдар. Бұған шейінгі шығармаларын «Шимайлаппын көп қағаз» деп сынай қарайды. «Сен айтсан мен де айтайын айым-қайымның», былайша айтқанда, инерцияның кезеңін бастан кешкенін мойындайды. Әдебиетте көштен қалмау бар да, көш бастау бар. Абай айтқан керуен басына айналу үшін парасатқа тәжірибенің қосылуы шарт. «Аяғының желі бар, алынбаған тері бар» деген дәстүрлі сөз ақын-жазушының жас шағына арналады.



Бұл күнде Қасым Аманжоловтың әдеби мұрасы сүбелі төрт том. «Шарлаған ізім жатыр жер бетінде» деп өзі айтқандай, бұл томдарда акынның өмірбаяны бар. Замана шежіресі де осының ішінде.

Оның мұрасы арнаулы зерттеудің мойнында. Бұл арада топтап айтсақ, оның ең күшті өлеңдері «Майданнан хат» деп аталатын дестелерге саяды. Тұрғылас ақын-жазушылар Ғали Ормановтың, Ғабдол Слановтың, өзінің туған ағасы Ахметжанның және басқалардың атына жазылған бұл хаттар өмір мен өлімнің арасында жүрген жауынгердің ішкі сырын паш етеді. Бұл - жауынгер акын. Оның тебіренісі, толғанысы, аңсары, күдігі, мұңы жалынды жыр боп төгіледі. Қаламдасқа, құрбы-құрдасқа, туысқанға деген бейіл мен сағынышта күйреуіктік жоқ, қайрат бар, торығу жоқ, үміт бар, енжарлық жоқ, іңкәрлік бар. Жалқыдан жалпыға айналған шындық жанды шежіре боп сайрайды. Ет-жүректі елжіретер шыншыл лебіз асып-төгіліп жатады. Дестелі өлеңдер бірте-бірте басталып, өсіп, өрбіп, заңды дүниелікке айналады. Осының баршасында акынның өз кескіні, өз бейнесі араласып жүреді. Окопта өлең жазған акын:

Оңаша ойдың күресін,  
Дауылға тігіп, ұрланып:  
Отырмын кымқап іргесін,  
Қаралы кеште сұрланып!

- деп, ішкі әлемі терең, киын адамның келбетін көз алдына келтіреді. Бұл - шиыршық атардағы ақынның бейнесі. Шабыт сәті. Ойлы, әсершіл акын енді бір өлеңінде «мыңға қарсы» шабудан тайынбайды. Жүрек батыры деген осы! Жауға берілмей өртке күйіп өлген Абдолла да осындай жүрек батыры еді. Ол хақында жазылған поэманы Ғабит Мүсрепов кезінде «Майданнан соққан леп!» деп атаған. Бертініректе Николай Тихонов: «Қазақ поэзиясының інжу-маржаны» деп бағалады.

Ақын атаулының ашылатын, ерекше өнер ашатын шағы болмақ. Қасымның Қиыр Шығыстан Батыс майланына шеру тартып бара жатқанда жазған «Оралы» осындай шақтың олжасы.

Оралым, шықтың  
алдымнан,  
Оралым, менің, Оралым!  
Қол созып қызыл вагеннан,  
Үстіңнен өтіп барамын.

Сөз қайталаудың ойнақылығына құрылған осынау қарапайым шумақта қаншама сағыныш жатыр! «Оралға» еліктеуден туған өлеңнің көптігі де сондықтан.

Еліктеу демекші, кезінде Ярослав Смеляковтың «Кремль аршасы», Сергей Орловтың «Оны жер шарына жерледісі», одан бұрынырақ Михаил Исаковскийдің «Жалғыз гармоны» көптеген ұқсас өлеңдер тудырды. Бірақ олардың бір де бірі түпнұсқамен жарыса алмайды. Қасым да осындай үздік ақын. Онымен жарысу үшін оны көшірмей, өзіңді іздеуің шарт.

Соғыстан кейінгі кезеңде жазған шығармаларында Қасым жаңа бір қырынан танылады. Бұл кезде оның объектісі, көбінесе, адам. Өзі туралы толғауында: «Жақсыға жанасуға ғашық едім» деген Қасым, адамның әртүрлі екенін анық пайымдайды. Ол жақсыны жақақтаса, жаманнан қашқақтайды; жетеліге болысса, күншілден жиренеді ойшылды мадақтаса, алаңғасарды әжуалайды. Өнерпаздың табиғатын түсінбейтін ұзын-сойыл ұрдажықтар жайында ол: «Неге күлдің сен?» дейді; «жыла-сам және сенбейді!» деп жазады. Осындай-осындайдан барып Қасымның өлеңдері адамның мінез-құлқына, қарым-қатынасына құрылады. Абайдан дарыған бұл қасиет Қасымның өз дәуірінің кейіпкерлерін жасауына септігін тигізді.

Қасымның әр кезде, көбінесе бозбас шағында жазған махаббат лирикасы «дәптерлік» сарыннан аулақ. Бұнда әсіреқызылдық жоқ, іңкәрлік бар; сырдаңдық жоқ, сұлулық бар. «Сүйдім-күйдімнің» күйреуіктігіне немесе өзіміздің базыналығына ұрынбай, мұңды, назды сыр шертеді. «Ғашық едім, қайтейін?!» секілді өлең есімінің өзі көп жәйтті аңғартады. Ол әзіне бұйырмаған бақытты өзге әйелге қияды. Терең сезім, менменсіз іңкәрлік, шалқыған арман оның «Қайда екен, қайда, дариға, сол қыз?!» деп келетін әйгілі өлеңіне ұласады. Сөзіне әні сай, әніне сөзі сай осынау махаббат гимні - әсершіл ақын жанының жаңғырығы. Абайдың: «Жарқ егпес кара көңлім неғылса да» атты өлеңімен, оған Сыдық Мұхамеджановтың жазғай әнімен қапталдасарлық бұл шығарма Қасым лирикасының да, музыкасының да шыңына жатады.

Нағыз ақын сегіз қырлы, бір сырлы болады екен. Қасымның майдандық өлеңі «Өртке тиген дауыл» болса, махаббат сазы - жатқан наз, іззет, әдеп!

Осындай санқырлылық Қасым поэзиясының ішкі, сыртқы пішініне тән. Дүниеде формасыз нәрсе жоқ бол-

са, поэзия дөңгеленген пішімге, қонымды формаға ділгер. Белгілі нәшірит жоқ кездің өзінде Абайдың он жетіден астам өлең түрін енгізуінде гәп бар. «Көлеңке басын ұзартыптың» ырғағымен болыстарды шенеуге болмас еді... Пушкиннің «Евгений Онегин» сынды романды ямбадан басқа ырғақпен жазуы мүмкін емес-ті. Поэзияның мазмұны өмір болса, сол өмірді көкейге қондыруға қызмет ететін - түр. Мазмұн мен түрдің ымы-жымы осы арадан басталады. Осы жағынан келгенде, Қасым Аманжоловтың жаңашылдығы Абай үлгісіне жатады. Оның майдандас офицерге арнаған «Құттықтаймын бірімен майдың, подполковник жолдас Альпині» сегіз буын мен тоғыз буын айқасқан өлең. Бұрын қазақта болмаған ырғақ. Сол секілді, оның «Дарифасы» да, Тарас Шевченкодан аудармасы да - поэзиямызға тың ырғақтар әкелді. Бұл ырғақтар заңдылыққа айналып кетті.

Ән мен күйдің алтын бесігі Қарқаралы өңірінде туып-өскен Қасым Аманжоловтың балалық, өспірімдік әсері бай еді. Сауықшыл елдің әдет-ғұрпын, салт-санасын, өнерпаздар мінезін жыр ғып айтушы еді. Оның музыкалық аспаптарға үйірлігінде «ұяда не көрсең, ұшқанда соны істейсіннің» кері бар-ды. Ол домбырада, сырнайда, скрипкада, күйсандықта емін-еркін ойнайтын. «Қос басырын» өзінше тартқанда, Арқаның қоңыр самалы есуші еді. Қасымның: «Әйтеуір, әрі-сәрі болғаным жоқ, білдім мен көңілімнің күйі неде!» деуіне өлең мен өнерді ұштауы жатады.

Ауызекі айтысқа шабан Қасым жазба өлеңге келгенде керемет төкпе еді. Ол аударманы да, шығармасын да қалың дәптерге бірден түсірер-ді. Жеке жолдарын некен-саяқ қана жөндер-ді. Менің өзім оның осындай қабілетіне тәнті болсам да, екшеуге, еріншектігіне өкінемін. Классикалық тәжірибе, әсіресе, өзіміз қанық орыс классикасының тәжірибесі поэзияның өзі мейлінше екшелген еңбектің жемісі екенін растайды...

1955 жылы Қасым дүние салған соң, көп ұзамай, ақынның екі томдығына жазылған көлемді алғысөз - алғашқы әсерімнің жемісі болатын. Енді арада жиырма жыл өткенде баяғы алғы сөздің астамшылығы жоқ екеніне көз жетеді. Өз сөзіңді өзгелер арқылы сынар болсаң, Қасымға деген ілтипат ете-мөте күшті. Ол қайтыс болғанға бір жыл толғанда Әбділда Тәжібаев: «Жыл болды ұлы жүрек тоқтағалы, біз оны көп айтамыз жоқтап әлі» деп жазды. Осының бәрі «асқар алыстан көрінеді» деп Есенин айтқандай, Қасым Аманжоловтың ұл-

кен ақын екенін танытады. Оған арналған өлеңдерді жинаса, сүбелі кітап болар еді. Ол туралы жазылған мақалалар, монографиялар, зерттеулер, дипломдық жұмыстар қаншама!

Қасым өзінің бір өлеңінде: «Сен нендей бақыттысың, келер ұрпақ!» - деген. Үмітшіл жас буынның оған деген ықыласы да растайды. Бұл күнде жас ақындар оның өлеңдерін жатқа айтады. Оның өлеңіне жазылған «Жас дәурен» әнін шырқайды. Оның өз әні «Дариға»-сұқбат атаулының сәні. Осы орайда оның «Туған жер, «Өлсем орным қара жер» секілді төл әндерінің кезінде жазылын алынбағаны өкініш екенін айта кетуге тура келеді.

Бұл күнде Қ. Аманжолов - күллі Одақ көлеміне танымал. Оның 1958 жылы Москвада шыққан жинағына биыл жаңа жинақ қосылмақшы.

Сонымен, Қасым Аманжоловтың әдеби мұрасы замандас ретінде бізбен бірге жасап келеді. Келешекте және жасай бермек. «Барым да, бақытым да осы өлеңім» деп ақынның өзі айтқандай, оның баянды бақыты да осы!

Естелік - әдебиеттің дербес бір тарауы. Ол — тарихи шындықтың қаз-қалпында сақталуымен қымбат. Маған, мәселен, Абай хақындағы естеліктер өте-мөте күшті әсер етеді. Сол сияқты Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров туралы ауызекі куәлік мен үшін құнды. Бұларда әдеби әдіптеу, әрлеу жоқ, сорғалаған шындық бар. Қасым Аманжолов жайынан естелік жазғанда мен осы жәйттерді есте тұтамын. Әлбетте, жазушы естеліктің өзінде де өз стилін, өз мәнерін, өз концепциясын танытпай тұра алмайды. Бірақ бұның бәрі өткендегі фактыны, шындықты сүйемелдеп жеткізуге қызмет етеді. Мәселен, Ғабит Мүсреповтің Бейімбет Майлин туралы естелігі осы жүйеге жатады.

Бесенеден белгілі жәйтті айтуда бір себеп бар. Қасым Аманжолов жөнінен естелік жазғандар, жазып жүргендер аз емес. Оларды қайталасаң, сөздің дәмі кетеді. Ал, дәмсіз сөз оқушыға обал. Қайталамаудың, меніңше, үш түрлі тәсілі бар. Бірінші, тың дерек ашу. Екінші, өзгелер келтірген деректерге басқа бір қырынан келу. Үшінші, жазушы ретінде өз әсерінді қосарлау.

Енді тақырыптың өзіне келсек, менің Қасымнан алған әсерім тіптен көп. Онымен кездескен, бірге өткізген кезеңді тізсем таусылмайды. Сондықтан басты-бастысын

және Қасымның, кісілігін, мінезін, ақындық ерекшелігі ашатынын келтіруді жөн көремін. Осы себепті де бірыңғай хронологияға бармай, мезгілді сапырылыстыра сөйлеймін.

Қасым Аманжоловты мен алғаш рет 1948 жылдың басында көрдім. Жаңа Жылды поездда қарсы алып, Алматыға келген бетімде Жазушылар одағына бардым. Таңертеңгі мезгіл еді. Жеңіл машинадан түсіп жатқан Сәбит Мұқановты айтпай таныдым. Үстімде шинель, қолтығымда папка бар еді. Сәбит те айтпай түсінді. Кабинетіне ертіп кірді. Мен Мәскеуге барып, әдебиет институтына түсе алмай қайтқанымды, оның себебін баян еттім. Алматыға тұңғыш жинақ әкелгенімді айтқанда, Сәбит: «Өзің Толстой сияқты ұзын екенсің!»—деп кекете күлді. Осы күнге шейін себебі өзіме танық, Жазушылар одағы басшысының осы күлкісі маған майдай жақты. Сәбит, Тайыр Жароковке табанда тапсырма берді. Әлі есімде, январьдың екісі еді. Ертеңіне одақта менің өлеңдерім талқыға түсті. Дәлірек айтқанда, Балтабай Адамбаев екеуіміздің қолжазба жинағымыз талқыланды. Менің өлеңдерім жөнінде әртүрлі пікір айтылды. Сәбит: «Европалық стильде жазады екенсің, бірақ интимная лирика басым екен»,—деп жанамалай шенеді. Қасым Аманжолов: «Бұл — нағыз ақын. Қуандық Шанғытбаев сияқты мәдениетті жазады»,— деді. Талқылаудың нәтижесінде менің бір топ өлеңім әдеби журналға ұсынылды. Оның редакторы Ғабиден Мұстафин еді. Ол жауапты секретарь Сейтжан Омаровқа тапсырды. Бір топ елең тағы да екшелді.

Мен «Лениншіл жасқа» қызметке орналастым. Пешенеме ауыл-шаруашылық бөлімі тиді. Бірақ әдебиет бөлімімен ымы-жымымыз бір болды. Қасым Аманжолов осы бөлімге келген сайын маған соғып, кейде ертіп кетіп жүрді. Осыны тілге тиек еткен кейбіреулерге газеттің редакторы Баймұқан Ордабаев: «Материалды уақтылы тапсырып жүр ғой» деп, ырық бермеді.

Бір күні Қасым «Лениншіл жасқа» келіп, маған Ләйлі — Мәжнүннің» 540 жолын аударуға берді. Низамидің болашақ тойына байланысты дастан жылдам шықпақ екен. Қасым дастанның әрі құрастырушысы, әрі редакторы екен. Айтқан сөзі:

- Ертең он бірден қалдырмай әкелесің!

Мен таңқалдым. Қасым түсіне қойды да:

- Жүрексінбе. Қағып тастайсың,- деді.

Мен Ордабаевтан рұхсат алып, дереу үйге кеттім,

меңгіл күз еді. Түннің ұзақтығы пайда болды. Орысша подстрочник бойынша үлесімді аударып шықтым.

Ертеңіне дәл сағат он бірде баспаға келсем, Қасым Сәбит екеуі жүр екен. Қасым қолжазбаны бірден бухгалтерияға берді. Есеп үшін берді. Арада екі-үш күн өткенде тиын-тебенін алдық. Сол арада Қасым 540 жолдың қырқын қысқартып тастағанын, қалған жағына ырза екенін айта келіп:

- Бүгіннен бастап сені бауырыма тарттым!-деді.

Осыдан кейін мен Қасым Аманжоловтың үйіне жиі баратын болдым. Үйі дегенде, ол ағасы Ақметжанның бір бөлмесінде тұратын-ды. Сол бөлмеде «Көкшетау» дейтін өлеңімді оқыдым. Қасым ұнатты. Бірақ «Жұтады жасыл орман бұлтты тегін» деген жолдағы «тегінді» сынады. Мен түзетпек болғанда: «Мүмкін, жаңа заманның ұғымынан туған шығар» түзетпей-ақ қой» деп уаныш айтты. Өлең «Социалистік Қазақстанда» басылды Бөлім бастығы Мұқан Иманжанов еді. «Тегінге» тиіскен жоқ. Байқамай қалуы да мүмкін. Шынына көшсек, бұл, әрине, мін.

«Мін» дегеннен шығады, бір жолы мен Қасым Аманжоловқа «Ленин» деген поэмады оқыдым. Бірінші тарауын оқып болғанда үзіліс жасатты. Шай іштік. Шай үстінде тарауды мақтады. Бусанып, шешіле сөйлеп отырды. Бірақ кейін кілт өзгерді. Қалған тарауларын оқығанда қарқылдап күле, қағыта бастады. Қасымның зайыбы Сәпен «баланы жасытпасайшы!» деп еді, оған құлақ аспады. Қасымның сыны мынаған сайған-ды. Бірінші тараудан басқасында динамика жоқ, әр эпизод әр жерде қалып қояды, басы бірікпейді, Қасым сөзінің соңында:

- Өзің қызық екенсің! Сен оқиғаны дамытпай «осы жерде тұра тұр» дейсің. Поэмаға бұл келіспейді,- деген.

Мен поэманы басқа ешкімге оқымадым. Жеті жүз жолдай шығарманың жүзге жуығынан басқасын тәркі еттім. Сірә, бірте-бірте жоғалды-ау деймін. Жүзге жуығы «Сапар» атты тұңғыш жинағыма енді.

Енді ойласам, поэмада, шынында да, тұтас желі болмаған сияқты. Бірінші тарауы толғау болғандықтан өз орнын тапқан. Бұл толғауды мен көрнеу Қасымға еліктеп жазған едім. Оған ұнаудың бір себебі осы ма деп те ойлаймын.

Задында, өзімшілдіктің, Чернышевский айтқандай, кешірімді жағы да болады ғой. Бір жолы мен орыстың халық әні «Ах, Самара городоктың» текстін қазақшала-

ғанда Қасым: «Бұны мен аударып қойғанмын»—деді. Мен бәсекелесуге бармадым.

Сөзден сөз туып жатыр, «Социалистік Қазақстанның» тапсыруы бойынша Қасым Аманжолов «Жастар даусы» есімді жалпы жинаққа рецензия жазды. Онда менің бір өлеңімді мақтады. Осы шағын мақаланы қолжазба күйінде маған оқып еді. Мақаланың түйінін ақылдасқанда мен «мені тағы да бір ата» деппін. Қасым: «жоқ, осы жетеді!»,- деді Мен сұмдық қысылдым. Есіме түссе осы күнге шейін ұяламын.

1949 жылы мен Жазушылар одағына мүшелікке еттім. Кепілдеменің бірін Қасым Аманжолов берді. Оқыл шығып:

- Орысша келіп жатыр ма?- деп бір қойды.

Ол орыс тілін бірқос тәуір білетін еді. Майданда жүргенде орысша өлең де жазған. Сөйте тұра аударма үстінде «мынау қалай?» деп сұрауды, ақылдасуды бойына мін көрмеуші еді. «Полтаваның» аудармасы теруге кетіп қалғанда ол «ілермісің-білермісің» деген жеңіл ұйқасқа екінді. Маған: «Сен осыны түзетіп жібер» деп күрделі ұйқас келтірді. Баспаханаға баруға ерінген мен: «моего-твоего» болып ұйқасады ғой» дедім. Ол кезде мен Пушкиннің кей-кейде тым жеңіл ұйқасқа, кей-кейде етістікке баратынын, оны Лермонтовтың іштей ұнатпағанын білмеуші едім. Аузыма әлде қалай түсті. Қасым «Ә, солай ма?!» деп көніп қалды.

Сол жылдары бүгінгі «Жазушы» - «ҚазОГИЗ» аталатын-ды. Баспаның бас редакторы Ғалым Ахметов бір күні маған бір ақынның өлеңдер жинағын рецензиялауға берді. Мен жинақты жаратпай тастадым. Қолжазбаны Қасымға оқығанымда,- ол: «келтасын езеді» деген сөзден басқаның бәрі дұрыс» деді. Артынша: «Әй, өзінде критический разум бар екен ғой!» деп бір қойды.

Осыдан кейін мені Есмағамбет Ысмайыловтың үйіне ертіп барды. Есмағамбеттің әйелі киноға бара жатыр екен. Үшеуіміз оңаша қалдық. Қасым: «Қатып қалған котлет бересің!»—деп қағытты. Бірақ екеуінің өте тату екенін байқадым. Қасым Есмағамбетті Естай деп те атайды екен. Ол оған:

- Әй, Естай, мен мына баланы обществомен таныстырып жүрмін,- деді.

Мен Есағанның мақалаларына бала жастан жетік екенімді айттым. «Теміртас» романына жазған журналдың мақаласынан мысал келтірдім. Осыдан кейін әдебиет сыны ауызға ілініп, Белинский әңгіме болды. Тілі

келмей ме, қайдам, Есағаң «Беленский» деп атап отырды. Мен ұлы сыншының ескі әріппен басылған үш томдығын соғыс жылдары оқып едім. Таланттың үш сатысы туралы пікірін айта бастағанымда Қасым:

- Сіз бен бізге ең төмені де жетеді!-деп қағытты. Артынша Белинскийдің творчествосымен таныс екенін танытып өтті.

Кейін көзім жетті. Қасым Шоқан Уәлихановтың томдарын түгел оқыпты. Осы сияқты ол өзіне керегін қадағалап білетін адам екен. Бір ретте психология оқулығын ақтарып отырғанын көрдім. Қасым кітаптың бір бетін нұсқап:

- «Сочетание многих способностей - есть геннальность депті!»- деп ойға шомып кетті.

Көріп отырсыз, ақын оқымайды деген бос сөз екен. Сергей Есениннің білімдарлығы бертінде ашылды. Есенинге телінетін Қасым Аманжолов орыс өлеңінің жүйесін зерттеген-ді.

Задында, ол өте алғыр адам еді. Белинскийдің «Гогольге хатын» бір кеште аударғаны есімде. Және қандай аударма! Өлеңді ол шабыты келгенде жазып тастайды. Қалың қара дәптері бар-ды. Соған өлеңді бірден түсіреді. Бір жолы мен үйіне барғанымда маған арнап табан астында өлең шығарды. Сырбай Мәуленов екеуінің бір-біріне арнап суырыпсалма өлең шығарғаны менің есімде. Елубай Өмірзақовтың тойына арнаған өлеңі бірнеше минутта туған. Мұхтар Әуезов лауреат болғанда оған өлең арнады. Қолжазбасын үйінде ұмытып кетіпті. Есмағамбеттің пәтеріне кіріп, өлеңді қалпына келтірді. Екеуміз, дәлірек айтқанда, Сәпен үшеуміз Мұхтар Әуезовтің пәтеріне бірге бардық. Тойхананың есігі ашық, біреу кіріп, біреу шығып жатыр, әйтеуір, дамыл жоқ. Мұқаңның даусы қарлығып қалыпты. Әлшараптан шамалы ұрттап отырды. Оң жағында Қалыбек Қуанышбаев отыр. (Той болғалы бәрі осы үйден шықпайды екен). Бір уақытта Құрманбек Жандарбеков келді. Құттықтау арасында: «Менің көріпкелім бар!» деп насаттанды. Бір-екі тостан кейін Қасым өлең оқыды. Жұрт қол шапалақтады. Қасым:

- Тәкен де өлең әкелді,- деді.

Мен өлеңді оқып шығып, қуаныш иесіне бердім. Өлеңнің менің тұңғыш жинағымға кірмей қалған себебі маған танық. Сірә, жоғалтып алсам керек.

Жоғалтып дегеннен шығады. Мен өлеңді бала жас-тан бастап жазған адаммын. Тырнақалды өлеңдерім



«Социалды шаруа» деп аталатын аудандық газетте, «Қаратау кеншілері» аталатын рудниктік газетте басылды. Еш жерде жарияланбаған бір дәптер махаббат лирикасы Шымкентте жоғалды. Осы лириканың біразы Қасымға ұнаған еді. Оның маған іштартуына себеп болған да сол лирика еді. Бөгдедей көрінетін нәрсені айтып жатқаным сондықтан.

Орайында айта кету ләзім, Қасым Аманжоловтың мұрасында махаббат лирикасының орны ерекше. Бұл лирика ертеде жарияланбаған. Жариялануы қиын да еді. Осының қалайша сақталғаны маған мәлім емес. Мәлімсізге таңданатып себебім, Қасым Аманжолов өзінің мұрасына өте салақ адам болатын-ды. Ол керек кезінде ертеде шыққан өз кітаптарын өзгелерден іздейтін-ді. Осындай жағдайды мен өз көзіммен көрдім. Учпедгиздің директоры Әбу Сәрсенбаев Қасымға оның өлеңдер жинағын шығаратынын айтты. Қасым ырза болып, кітаптарын іздестіре бастады. Атақты «Дауылдың» бір-ақ данасы болатын-ды. Мен: «бұл қалай?» деп сұрағанда Қасым: «Алда-жалда керек болса кейін жұрт өзі тауып алады» деп жауап қайырды. Бірақ кейін денсаулығы нашарлап, төсек тартып жатып қалғанда бағы райдан қайтып әдеби мұраларын толық құрастыра бастады. «Іштен шыққан шұбар жылан» деген осы.

Әлі есімде. Бір жиналыста Қасым Аманжолов қатты шенелді. Мен осыны оған келіп айтқанда, ол: «Сен неге сөйлемедің?» деп сұрады. Мен сөз тимегенін айттым. Үйінде сырқаттанып жатқан Қасым столды қойып қалды. «Сөз бересің деп қасарысып тұрып алмайсың ба?!» деп зекіді. Артынша: «Ах!» деп жылап жіберді. «Мыңға жалғыз шабар едім!» деп жазған қайсар ақын осылайша оқыс жарылды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Аманжоловтың «Дауыл» атты жинағына «Социалистік Қазақстан» газетінде Әбділда Тәжібаевтың мақаласы шыққан еді. Мақалада бұл жинақ «Қасым Аманжоловты бірінші ақынымыз етеді» деген баға бар-ды. Сондағы Қасымның қуанышын сұрамаңыз.

Сол жылы ма, келесі жылы ма, әйтеуір бір жолы жастар творчествосына арналған жиналыс болды. Баяндамашы Ғабдол Сланов жастардың арасында мені де атады. «Шымылдық» деген өлеңіме тоқталып: «Аяғының желі бар, алынбаған тері бар екен» деген. Қасым маған:

- Бағың ашылды!- деді.

Жарыссөз сөйленіп жатты. Қызылордадан келген Асқар Тоқмағамбетов:

- Біздің облыста жастар Қасым Аманжоловтың өлеңдерін жатқа айтады,- деді.

Қасымның қуанышы қойнына сыймады. Үзіліс кезінде ол: «Әй, құдай бар екен!» деп құнжыңдап жүрді.

Қасым, асылы, жастарға үйірсек еді. Бірақ пікірін тура айтатын. Мен пәленше боламын, түгенше боламын деген Төлеужан Ысмайыловқа: «Баймұқанша-ақ басташы!» деуі мінезінің тіктігінен еді.

Осы тіктігін ол ірілерге де істеді. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігінде қасына келгіштеген аудармашыларды қуып жіберді. Кейін бақсам, кімді болса соны аударатын базбіреулерге іштей наразы екен.

Бұның бәрі жүйелі болса, жүйесіз мінездерді қайран қалдырады. Бір жылы жазда Қасым, мен және Шахмет Хұсайынов үшеуміз Алматинканың жағасына бардық. Пляжда жатқан әлдебіреумен Қасым шатасып қалды. Анау тас лақтырып, Қасымның қабағын жарды. Мен жарасын таңып жатқанда, Қасым: «Ақсын менің қаным!» деп долданды. Үйге келгенде ол: «Кінәлі менің өзім!» деп өзін-өзі жығып берді. Кейін бірде Қасым әлденедей маған тиіскенде кәрі шешееі оған: «Үстіндегі көйлегін жыртып жараңды таңған баланы неге ренжітесін?!» деп кейіді. Қасым: «Ә, солай ма?!» деп ойланып қалды. Ол менің үстіндегі гимнастеркама, аяғымдағы етігіме қарап: «Сен райзоның қызметкерісің!» деп мазактаушы еді. Сол гимнастерканың астындағы көйлек есіне түсті білем, ол: «Сенің жасыңда мен өлеңді сенен төмен жазушы едім» деп мені жорта қолпаштады.

Қолпаштаудың екінші жағы да бар-ды. Қарағандыдан келген ақын Қабыкен Мұқышев дастарқан үстінде «Қасеке!» деп қылжақтағанда, Қасым: «Сенің мойның былқ-сылқ етеді!» деп үйден қуып шықты. Ашуы басылғанда: «Әлгі ертектегі алмалы-салмалы мойынды білуші ме едің?!» деп күлді. Осындай бір отырыста менің Алтынбек деген жездем Қасымды макта еді. Қасым: «Әй, сенің «Жүден» не? Бәсе, шекең қушық!» деп ежірейе кетті. Бір қызығы, анау адам осыған шамданбады. Қайта кейін осыны әңгіме ғып, жүрген жеріне таратты.

Үйден шықпай ішқұста болған ақынды бір күні қояр да қоймай Горькний атындағы демалыс паркіне алып бардым. Зоопаркті аралап шықты. Содан кейін ығы-жығы адамның ішінде көп серуендедік. Ақырында ол:

- Әй, мынауың қызық екен!- деп сүйсінді.

Бірақ келесі жексенбіде ол айнып қалды. Мен қыстаганда: «өзің кете бер!» деп домбырасын шертіп кетті. Мен қасында ұзақ отырдым. Ол Тәттімбеттің «Қосбасын» қайта-қайта тартып отырды. Менің ықыласымды байқаған ол «домбыра үйрену керек» көп қояды. Мен оған бала кезімде домбыра дыңылдатып керегімді, бірақ, әкем «әулекі болып кетеді» деп домбыраны біреуге беріп жібергенін, бұл күнде қолым жуыспайтынын айттым. Ол күлді. Адамға бітпеген күлкі еді.

Парктен сөз туғызайын. Қасымның денсаулығының нашарлауына оның үйде шөгіп қалуы себеп болды-ау деймін. Үйде не ермек болады. Ойыннан білетіні - дойбы. Одан әріптес табыла қоймайды. Картадан мүлдем хабарсыз. Спортқа бармайды. Бір көргесін парктен жалығады. Оның есесіне ол үй іргесінде ағатын өзеннің жағасында скрипка тартады. Одан жалықса домбыра шертеді. Күйсандық сатып алуға жағдайы жоқ. Сайып келгенде, бірыңғай өнер демалыстың бодауына жүре бермейді.

Ол кезде Сырбай Мәуленов Қостанайда, Қуандық Шаңғытбаев Ақтөбеде тұрады. Қасым маған екеуін де сыртынан мақтаушы еді. Кейін олармен Қасымның от басы, ошақ бұтынан кездестім. Ғафу Қайырбековті де алғаш рет сол үйден көрдім. Ол кезде Ғафу Алматыда Жоғарғы партия мектебінде оқиды екен. Бір күні ол Қасым екеумізді қонаққа шақырды. Домбыра тартып, терме төкті. Қайтып келе жатқанда Қасым:

- Бұл ауылдан келген бала жырау. Бірақ келешекте мәдениетті ақын болады,- деді.

Сол Ғафу қазір Аманжоловтың көл-көсір мұрасын құрастырып, алғысөз жазды.

Соғыстан кейінгі жылдары таршылық болды ғой, Қасым мұқтаждықты көп көрді. Әлі есімде. Кейде базардан қойдың басын алып қайтамыз. Екеу ара немесе үшеу ара жіпке тізіп, өзен бойлап келе жатамыз. Ет ырымға жоқ. Ет емес-ау, ақша жоқ. Бірақ Қасым тұрмысқа сыр бермеуші еді. Оның бір қайсарлығы да осында!

Қайсарлық! Бір күні ол қызметте отырған маған келді. Ол кезде мен «КазОГИЗге» қатардағы редактор болып ауысқанмын. Қасым қасымдағы адамдар есітер-есітпестей үнмен: «Ақшаң бар ма?»—деді. Мен «жоқ» деп жауап бердім. Қасымның бетін лап етіп жалын шарпып өткендей болды. Кешінде мен үйіне бардым. Ол кезде бір кексе артистканың шағын екі бөлмесін жалдап тұратынды. Ымырттың қара-көлеңкесінде керуетте ұйықтап жа-

тыр екен. Мен дыбыс бергенде сұмдық қуанды. Базыналық кейістік сөз айтып жатыр. Бақсам, бүк түсіп, іші пысып жатыр екен. Кеш бойы кеңестік. Қасым елін, балалық шағын еске түсіре келіп: «Жігітке деген жігіттің махаббатынан ешнәрсе аспайды» деп бір қойды.

Күн артынан күн өтіп жатты. Мен бір жылдай Городская көшесінде Қасыммен көрші тұрдым. Онын үйінен Сырбайды, Ғафуды, Садықбек Адамбековті, Қасым Тоғызақовты жпі көріп жүрдім.

Мен Мәскеуге оқуға кетерде Қасым Аманжолов қарсы болды.

- Өзің жаңадан ес жинап келе жатқанда жылы орныңды неге суытасың!-деген.

Мен Анна Степановна Аринчехина дейтін кемпірдің екі бөлмесінде тұратын едім. Енді сол хозыякамен ақылдастым. Анна Степановна дәулет қашатынын, білім қашпайтынын айта келіп:

— Езжай, сынок! Заложу в лоб!-деп алақанымен маңдайын сыйпады. Жалдамалы екі бөлмеден қам жемеді<sup>1</sup>.

Көп ұзамай Қасым мені екінші Алматыға (вокзалға) шығарып салды. Хоштасар алдында:

- Саған шынымды айтайын, сенсіз ішім пыса ма деп қорқып едім. Әрине, оқығаның дұрыс!- деді.

«Шынымды айтайын» деп сөйлейтін сөзінің салты еді. Осыдан кейін ол нағыз шынын айтты. Ол өзі әскерде жүргенде өз қатарынан қалып қоямын деп уайымдағанын, соғыстан кейін қайтып оралғанда өз «қатарынын» баяғы төбеде тұрғанын көргенін айтты. Сөзінің соңында:

- Сен бес жылдан кейін ораласын, олар баз-баяғы орнында тұрады!- деді.

Мәскеуде мен екі ай бойына оқуға түсе алмай жүрдім. Елге қайтудан ұяламын. Ұятты күнілгері аршу үшін бір күні Қасымға: «Оплакиваю судьбу» деп телеграмм жібердім. Тәңір жарылқап ақыры оқуға түстім. Оған СССР Жазушылар одағына мүшелігім септесті. Мен билетті бетке тұтып, дәріске кіре бердім. Ақырында директор аяп, бірінші курске түсірді.

Мәскеуден мен Алматыға 1953 жылы оралдым. Ілияс Омаровтың көмегі арқасында Қасым Туркиб басқармасының еншісіндегі үйден үш бөлмелі пәтер алыпты. Өзі

<sup>1</sup> Анна Аринчехина кейін, 1953 жылы, маған орыстын «Кари-глазки» дейтін желгі халық әнінің нотасын тауып береді. Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқасы» сол ән болып шығады. Бұл жайында «Жұмбақ жанда» толық айтылған. Т. Ә.

ілгеріректе: «Бермесен бермей-ақ қой баспананды, сонда да тастамасын астанамды» деген ғой. Сол баспана оған енді табылды. Бірақ бұл кезде оның денсаулығы тым нашар еді. Осыдан ол айықпай қойды. Шақалақ ақын: «Аурудай өз әлімді шамалаймын, өзгеге бар болсаң да маған жоқсың» деген. Сол айтпақшы, Қасым сырқат меңдете бастағаннан-ақ қағаздарын жоғарыда айтқандай, ретке келтірумен болды. Оған Баймұқан Токтаров көп жәрдемдесті. Бір қызығы, қолтаңбасы Қасымның қолтаңбасынан айнымайды. Әсердің күдіреті деген осы!

Қасым Аманжолов қайтыс болған соң оның сүбелі екі томдығына мен көлемді алғысөз жаздым. Кейін ол орыс тілінде мақала боп менің «О, прошлом и настоящем» деген кітабыма енді. Күні кеше, 1975 жылы «Художественная литература» баспасынан шыққан бір томына жаңадан алғы сөз жаздым. Баспаның өзі жаздырды. Демек, мен Аманжоловты зерттеушінің бірімін деген сөз. Осыған орай айтатын бір шындық, ақынды таныту бар да, ақын арқылы өзінді таныту және бар. Бұл жағынан Қасым мұрасы мені ұятқа қалдырған жоқ. Бұған Қасымның көзі тірісінде айтылған инабатты пікірлер де септігін тигізді. Мәселен, Әбділда Тәжібаевтың мақаласы маған қолжазба күйінде толық таныс. Бұл мақаланың толғау-тебіреніске толы бас жағы газетте басылмаған. Одан бірнеше жыл бұрын, Қасым майданда жүргенде «Абдолла» дейтін поэма жазды. Қолжазбасын журналға жібереді. Журнал басады. Осы шығарма туралы Ғабит Мүсрепов «Майданнан соққан леп» деп «Социалистік Қазақстанға» мақала жазады.

Осыны мен ең әуелі Қасымның өзінен есіттім. Ол майданнан оралғасын мақаланы газеттің тігіндісінен оқығанын айтты. «Автордың өзінен неге алмадың? деп сұрау менің ойыма келмеді.

Мен Қасымның тірі кезінде ол туралы бір де бір мақала жазбағаным өкінемін. Мың дегенмен, тіршіліктегі қанибетке не жетсін!

Журналда қазақ поэзиясы туралы менің мақалам жарияланды. Қасым «әсіресе, тілі жақсы екен!» деп мақтады. Жаза баспасам, сол мақалада Аманжолов туралы бір сөз жоқ. Сірә, өте тату адамдар бірін-бірі мақтамай ма, қалай?!

Бірақ осының есесіне мен ақынның әруағын ақтағанымды көңілге медеу тұтамын. Қасым қайтыс болған жылы (бұл 1955 жылы еді) оның екі томдығына жазған алғысөзім дау-шарға ұшырады. Кітап шығарда алғысөз-

ді тастарманға келді. Біз Сырбай Мәуленов екеуміз Мұхтар Әуезовтің үйіне барып, оқып бердік. Ол кісі: «Эмоционально окрашенная статья» екен деп мақтады. Өз пікірін тиісті жерге айтты да. Талқылау кезінде біз жеңіп шықтық. Сондағы дау не деңіз?!» «Октябрь революциясы сөз болса Қасым еске түседі» деген тәрізді сөздер. Мен: «Ау, Қасымның Октябрьді жырлағанын айттым ғой» десем, шағымшы: «Жоқ, сен оның өзін теңейсің» деп өзеурейді. Осындай да солақайлық болған!

Естелікті шегерерде Қасымның ақырғы күндері көз алдыма келеді. Ол тынысы тарылып, жарық дүниемен қоштасқалы жатқанда күні кеше үстінен ғайбат айтып, жүйкесін тоздырған адамдарға кектенбей, «кештім!» деген. Бұл - ұлы жанның ғана қолынан келешек еді!

Қасым Аманжолов туралы некрологта менің қолым жоқ еді. Кейін бақсам, кейбіреу оған да таласады екен. Жазушылар одағында сөз сөйленді. Кейін бақсам, жұрт оған да мән береді екен. Менің есімде қалғаны басқа нәрсе. Сұмдық сурет! Қасымды табытпен сыртқа шығарарда өлік тербелгендей шалқақтап бара жатты. Сол сәтте менің есіме Қасымның өлеңі түсті. «Өмірге келдім еңбектеп, шалқақтап әкем шықты үйден» деп еді-ау!

Бейітке жұрт көп барды. Қыс айында күн жылы еді. Өлікті молаға түсірерде белгілі бір жазушы:

- Жанынан артық емес!-деп су жаңа сұр бешпенттің жағасын тілгіледі. Жағаның кенебі көрініп, білемденіп қалды.

Менің өлікті жерлеуді бірінші көруім де осы еді. Мола үйілгенде жұртпен бірге топырақ тастадым. Әлгі жазушы:

- Хош, Қасым!-дегенде кезінен жас шықты.

Бұрын Қасыммен көп ұстасқан адамның көз жасы жас бейітке тамды...

Тіршілік деген осы. Қасымның: «Заманның жеңіл ауыз жентелмені, білемін, мақтар едің өлсем мені!» дегені де осы.

Қасым жерленгесін жұрттың бір тобы зираттан тура қаралы үйге тартты. Әрине, көрден қайтқандар ауыл адамынша «ой бауырымға» баспайды. Ендігі сөз басқаша болмақ. Дағдылы өкініш айтылмақ. «Қасым өлген жоқ» деген тәрізді уаныш және айтылмақ: Ақын мұрасы жайынан бәтуа, уәде мегзелмек.

Әруақ тербеткім келмеді ме, қайдам, мен орта жолдан түсіп қалдым. Сол сәтте күндердің күнінде естелік жазамын деп те ойлаған жоқ едім.

## БІР АҚЫННЫҢ ЕКІ ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Ғали Орманов - қазақ совет оқушыларына көптен таныс, есейген ақындардың бірі. Оның өлеңдері, көбінесе, қысқа-қысқа лирика болып келеді. Сезімге құрылады. Ғалида сюжеттік өлеңдер басым. Поэзияның бір міндеті - оқушының құлақ күйі, көңіл сазы боп, жүрегің әлдилеп, жанын толқыту, рухани нәр, шабыт беру екені мәлім. Бірақ соның әртүрлі жолдары, әртүрлі тәсілдері бар. Ол ақынның өзіндік дарынына, ерекшелігіне, табиғатына байланысты. Үлкен әлеуметтік пафостың ақыны мен лирик ақынның стилі бірден бола бермейді. Бұдан әрине, лирик ақынның қоғамның мәдени өмірінде алатын орны, атқаратын қызметі пафостың ақынынан кем деген мағына тумайды. «Пафостың ақыны» деген сөздің өзін де шартты түрде түсіну керей болады. Өйткені, лирикасыз пафос жоқ та, пафоссыз лирик жоқ. Бұлардың қарым-қатынасы өз алдына бір мәселе.

Біздің айтқалы отырғанымыз - Ғалидің лирик ақын екені. «Лирика дегеніміз,- дейді Белинский,- поэзия атаулының жаны». Ендеше, Ғали Ормановтың өлеңін талқыға салғанда, сол лирикаға қойылатын озық талаптардың тұрғысынан қарауымыз керек болады.

Осы мақсатпен, Ғалидың жалпы поэзиясының қасиетін көрсететін мынадай бір екі өлеңін талдағымыз келеді.

Біріншісі «Жолда» деген өлең. Бұнда ақынның ерте кезде жаман тайға мініп, ауылынан қалаға оқуға келе жатқан бір кезеңі суреттеледі.

Екіншісі -«Бір тілек» деген өлең. Бұнда ақынның досымен екеуі оқу бітіріп, елге қайтып келе жатқан кезеңі суреттеледі.